ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№75 (3503) 20 қыркүйек 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ ӨТКІЗУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ?

Economist Intelligence Unit британиялық зерттеу орталығы жыл сайын әлем елдерінің демократия индексі бойынша рейтингін жариялайды. Онда сайлау процесі және плюрализм, үкімет қызметі, саяси қатысу, саяси мәдениет, азаматтық бостандық деп аталатын бес негізгі категорияда 60 көрсеткіш сарапқа салынады. Биыл ақпанда жарияланған 2021 жылғы зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстан демократия деңгейі жағынан 167 мемлекеттің арасында 128 орын алды.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙІНШІ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӘТ!



КӨКЕЙКЕСТІ

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕР ТІРКЕЛЕДІ

БІРАҚ, БАРЛЫҒЫ ЕМЕС

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында Үкіметке осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін елімізге әкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыруды тапсырды. Көңілді күпті еткен мәселенің көтеріліп, оңтайлы шешілетіні жұртқа да жаққаны анық. Дегенмен, көңіл алаң. Қауесет көп.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауда алғашқы тіркеу және утилизацияға жіберу үшін төлем құны 200-250 мың теңгеден аспауы тиіс екенін қадап айтты. Қазір уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар заңнамалық актілерге түзетулер енгізіп, азаматтардың шетелдік автокөліктерін өте қолайлы жағдайда заңдастыруына мүмкіндік туғызатын тетіктерді қарастыруда.

Бір анығы, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстанға әкелінген (кірген) барлық көлік құралдары бойынша Ішкі істер, Мемлекеттік кірістер және Ұлттық қауіпсіздік органдары (Шекара қызметі) арасында ақпарат алмасу мәселелері пысықталып болды. Мұндай мәліметтерді ІІМ белгіленген мерзімнен кейін әкелінген автокөліктерді заңдастырудың жолын кесу үшін жинақтайды.

Белгіленген мерзімде Қазақстан шекарасынан өтіп қойған көліктердің бәрі бірдей тіркеуге қойылмайды. Яғни, криминалдық есеп бойынша іздеуде жүрген, заңдық немесе сот тарапынан шектеулері бар, бұрын тіркелген елдегі есептен белгіленген тәртіппен алынбаған, басқару органдары оң жақта орналасқан, сондай-ақ, тіркеуден немесе толық кедендік тексерістен өтпеген, иелерінің тіркеу және құқық белгілейтін құжаттары жоқ автокөліктер заңдастыруға жатпайды.

Сондай-ақ, «криминалдық» автокөлікті тіркеуді болдырмау мақсатында көлік бойынша ақпарат бұрынғы тіркелген елдердің құқық қорғау және кеден органдарымен салыстырылатын болады.

Сондықтан, автокөлік сатып алу кезінде заңнаманы сақтап, олардың құжат жүзінде «тазалығын» міндетті түрде тексеру маңызды.

А.САТЫБАЛДЫ

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Динар НҮКЕТАЕВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«МҰҒАЛІМ ҚҰПТАМАҒАН РЕФОРМАНЫҢ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАРЫ КҮМӘНДІ»

– Динар Жүсіпәліқызы, жуырда аймақтарда болып, халықтың тыныс-тіршілігімен танысып қайттыңыздар. Не түйдіңіздер, қандай аманат арқалап оралдыңыздар? Күн сайын өскен баға аймақ тұрғындарының да жағдайын қиындатып тұрған болар?

– Мен Алматы облысынан сайланғандықтан, осы өңірде болып қайттым. Онда негізінен мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінен бастап, барлық жоғары оқу орындарының жай-күйін зерделеуге тырыстық. Кездесулер барысында білім беру саласының өзекті мәселелері қозғалды.

(Соңы 5-бетте)

БЕЙМАЗА ӘЛЕМ

Қырғыз Президенті Садыр Жапаров 19 қыркүйекті жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды.

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

«Жалпыұлттық аза тұту күні елдің барлық аумағында, сонымен бірге шетелдегі дипломатиялық және консулдық мекемелер ғимаратында ҚР мемлекеттік туы түсірілсін, мәдениет мекемелері мен теле-радиокомпанияларға ойын-сауық шаралары мен бағдарламаларын өткізбеуге кеңес берілсін» деп жазылған Жарлықта.

Тәжікстан мен Қырғызстан шекарасында ауық-ауық қару дауысының естілетіні қалыпты жағдайға айналған. Бірақ, бұл жолғы қақтығыстың салдары айтарлықтай ауыр болды. Қырғызстанның Денсаулық сақтау министрлігі қақтығыс құрбандарының саны 59 адамға жеткенін, оның ішінде 15 жасар қыздың барын хабарлады. Сонымен қатар, 144 адам жараланып, ауруханаға түскен. Олардың көбі Бішкек пен Оштың ауруханаларына жеткізілген. Ресми хабарға қарағанда, 140 мың адам қауіпті аймақтан көшірілген. Ал, Тәжікстан сыртқы істер министрлігі 35 адамның көз жұмғанын, оның көпшілігі – бейбіт тұрғын екенін жариялады.

Бұл қақтығыс14-16 қыркүйекте орын алғаны мәлім. Екі тарап та кінәні өзінен алыстатып, бірін-бірі «жанжал бастады» деп айыптауда. Қақтығыс кезінде бірнеше рет келіссөз жүріп, екі тарап оқ атуды тоқтатуға уағдаласқанымен, шекарадағы атыс қайта-қайта жалғаса бергені белгілі.

Жалпы, Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы 970 шақырым шекараның басым бөлігі әлі күнге нақты белгіленбеген. Осыған байланысты екі ел халқы мен шекарашылары арасында су мен жерге байланысты жиі қақтығыс туындайтынына куә болып жүрміз. Алдағы уақытта мұндай дүрдараздыққа жол бермеу үшін екі ел басшылары келісім үстеліне отырып, басы ашық мәселелердің бәрін айқындап алғаны маңызды.

А.САТЫБАЛДЫ

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ОБЛЫСТА – ЖАҢА ТӨРАҒА

Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов Абай облысының активіне облыстық соттың жаңа төрағасы Қайрат Шақпантаевты таныстырды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев, сот және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

Ә.Жүкенов сот төрағасын таныстыра келе, оның кәсібилігі мен көп жылдық судьялық өтілін атап өтті. Кеңес барысында өңірдегі судьялар корпусының алдына сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту міндеті қойылды.

Қайрат Мұратұлы Шақпантаев 1965 жылы туған. Шығыс Қазақстан облысының тумасы. Өскемен педагогикалық институтын, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген.

1997–2003 жылдары Шығыс Қазақстан облысының прокуратура органдарында жұмыс істеген. 2003 жылдан бастап Өскемен қаласының №2 сотының судьясы, Көкпекті ауданының №2 сотының, Өскемен қалалық №2 сотының, Өскемен қалалық сотының төрағасы қызметтерін атқарды.

2015 жылдан бастап қазіргі тағайындауға дейін – Шығыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін абыроймен атқарды.

Тәжірибелі маман болғандықтан

Қайрат Шақпантаевқа жаңа құрылған облыстың сот саласы сеніп тапсырылып отыр. Кәсіби маман екенін мойындатқан Қайрат Мұратұлының көпшілік күткен үдеден табыларына сенеміз! Абай облыстық сотының жұмысына толағай табыс тілейміз!

«ЗАҢ ГАЗЕТІ»

САРАП

Мемлекетімізде адам құқығының қорғалуы мен теңдігінің сақталуы басты орында. Еліміздегі «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», сонымен қатар, «Тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Саяси партиялар туралы» заңы мен 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, өзге де бағдарламалар осының айқын көрінісі.

АЗАМАТТАР ТЕҢ МҮМКІНДІККЕ ИЕ

«Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң ерлер мен әйелдердің теңдігіне мемлекет атынан кепілдік береді. Мысалы, осы заңның 9-бабында ер азаматтар мен әйелдердің мемлекеттік қызметке бірдей қол жеткізу нормалары нақтыланған. Яғни, өзінің қарым-қабілеті мен кәсіптік даярлығын дәлелдеген азаматтар жынысына қарамастан мемлекеттік, билік органдарына кедергісіз жұмысқа тұра алады. Бұл тұрғыдағы теңдікті сақтау міндеті мемлкеттік мекеме басшыларына жүктелген.

Жазира МУХАМЕТОВА, Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Ерлер мен әйелдер биліктің үш тармағында, атап айтқанда, заң шығарушы, атқарушы және соттарда, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие. 9-баптың талаптарын бұзу арқылы шығарылған өкімдер мен бұйрықтар немесе бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурс нәтижелері күшін жояды. Осылайша мемлекеттік қызметте ер, әйел деп бөлуге немесе олардың біреуіне артықшылық беруге арнайы заңмен тыйым салынған.

Бұл құжаттардың барлығы ер мен әйелдің билік құрылымдарына тең дәрежеде қатысып, жеке кәсіптерін дамытуына, сонымен бірге отбасындағы құқық-міндеттерін жүзеге асырып, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіне жағдай жасау мақсатын көздейді. Бұдан шығар қорытынды қоғамның қай саласында болмасын бос жұмыс орындарына ер мен әйел теңдей қол жеткізеді. Егер олардың бірі қандай да бір кемсітушілікке ұшыраса, арнайы қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Бүгінде жоғарыда аталған тұжырымдамадағы отбасы институтын нығайту, репродуктивті денсаулықты сақтау, балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою, 2030 жылға дейін басшылық қызметтердегі әйелдер санын 30 пайызға арттыру шаралары қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр.

Соңғы мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан халқының 51,4 пайызын әйелдер құрайды. Соған орай, Саяси партиялар туралы заңда депутаттыққа үміткерлердің 30 пайызы әйелдер мен жастар үлесіне тиюі керектігі нақтыланған. Мәселен, биылғы жылдың дерегінше, Сенатта тоғыз, Мәжілісте жиырма сегіз қыз-келіншек бар. Өзге де билік құрылымдарында әйелдер саны артуда. Мұндай көрсеткіштер қыз-келіншектердің орны тек отбасында ғана емес, қоғам дамуында да аса маңызды екенін көрсетеді.

Дегенмен, ерлер мен әйелдердің теңдігінде өзіндік мәселелер жоқ дей алмаймыз. Отбасында әлімжеттікке ұшырайтын бұрымдылар бар. Олар көп жағдайда заңмен берілген мүмкіндіктерін пайдалана алмай, жеке бас құқықтарын қорғауда қауқарсыздық танытады. Бұған, әрине, құқықтық сауаттың төмендігі әсер етеді. Республикамызда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң жылдан-жылға күшейтілуде. Сондықтан, әйелдер қауымы заң номаларынан жан-жақты хабардар болуы керек.

Осы тұста гендерлік саясаттың дамуына заңнамалармен қатар, халықтық менталитет, дәстүрлі түсінігінің де ықпалы зор екенін айтқымыз келеді. Жалпы алғанда, гендерлік саясат әйелдердің ғана емес, ерлердің де мүдделері мен мүмкіндіктерін жақсартады.

КИЕ

СӨЗ ҚАДІРІ – ӨЗ ҚАДІРІМІЗ

Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Бүгінде қазақ жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп келеді. Және олардың әрқайсысының ана тілі мен ата дәстүрі бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Тіл саясаты туралы» тұжырымдамасы және осыларға негізделген «Тіл туралы» заң республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастық құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді.

Данияр АХШАЕВ, Түркістан облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің меңгерушісі

Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі екені бәріне белгілі. Тіл – халықтың сан ғасырлық тарихы. Әлемдегі кез келген халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, әрбір мемлекет өзінің ана тілін қастерлеп, қорғап жүреді. Ал ана тілін қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу.

Тіл – асылдардың асылы, қымбаттың қымбаты, адамды адам еткен ұлы күштердің бірі. Ол қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, рухани өмірінің, бүкіл мәдениетінің тұтқасы болып келеді. Қоғамдық ой-сана, дүниетаным тіл арқылы ғана қалыптасып, жарыққа шығады, басқаларға беріледі. Тіл – адам баласын қазіргі прогреске жеткізген ұлы да бірегей туынды.

Сөз адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, байыптылығын, ақыл-парасатын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай уақытта болса да ерекше мән берген, қай халық болса да қатты бағалаған. Сөйлеу мәдениеті сөйлеуші адамның ішкі жан дүниесінің тазалығына да, сөз өнеріне де қатысты. Сөзге шешен адам мәдениетті әрі шебер сөйлейді. Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, өмірге сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиіс. Әсіресе, тіл мәдениетін сақтау, ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы.

Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармашылығының сабақтастығы, рухани мұралар үндестігі халық арасында үлкен бір елдік мүддені ойлайтын топтың, би-шешендердің қалыптасуына негіз болды. Сондықтан аталған қос дананың қалдырған ілімдерінің қазақ үшін қадір-қасиеті қаншалықты жоғары болатындығы түсінікті. Ғұламалардың сөз құдіреті жөніндегі тұжырымдарын саралай келгендегі басты түйін: білім мен тәрбие – адамзат мәдениетінің қайнар бұлағы болса, өз кезегінде мәдениет адамның дара тұлға ретінде қалыптасуының негізі болып табылады. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ғұламалары, атап айтсақ Дулат Бабатайұлы, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлихановтар сөз құдіреті туралы терең толғанған. Сөйлей білу – үлкен өнер, ол кез келген адамға қонбайды, көпті көрген, өмірден түйгені мол адамдардың сөзі де, ісі де берекелі болады дейді. Осыдан-ақ қазақ халқының сөз қадіріне ерекше мән беріп, өз ұрпағына ұлағатты тәлім-тәрбие қалдырғанын аңғаруға болады.

КЕЗДЕСУ

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда облысының аймағында орналасқан балабақшалар мен мектепке дейінгі ұйымдардың балаларын тасымалдау жақсы жолға қойылған. Балаларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын анықтап, техникалық жай-күйіне тексеру жұмыстарын жүргізу аса маңызды. Осыған орай, қыркүйек айының 15-22 күндері «Балабақша» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Шара барысында Қызылорда ОПД бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Шамшидин Амитов түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін, қала көлеміндегі барлық балабақша өкілдерімен кездесу өткізді.

Қызылорда облысында қазіргі таңда 603 мектепке дейінгі білім беру ұйымы тіркелген, Оның ішінде 441 жекеленген балабақша, 162 мемлекеттік балабақша және 76 шағын мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Сондықтан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыр зардапты жол апаттарына жол бермеу мақсатында, мектепке дейінгі мекемелерде және балабақшаларда балаларды тасымалдаумен айналысатын көліктерге қойылатын талаптар жөніндегі ақпарат қатысушыларға жеткізілді.

ҚР Үкіметінің 13.11.2014 жылғы №1196-ншы қаулысымен бекітілген «Жол жүрісі қағидалары» нормативтік құжатына сай, балалар тасымалдаумен айналысатын көліктерге қатысты талап төмендегідей;

– Балаларды арнайы ұстау құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігінің көмегімен отырғызып қоюға мүмкіндік беретін көлік құралының конструкциясында көзделген өзге де құралдар болмаған кезде, ал механикалық көлік құралының алдыңғы орындығында балаларды арнайы ұстау құрылғысы болмаған кезде тасымалдауға тыйым салынады;

– Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде тасымалдау кемінде екі есігі бар автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылуы тиіс;

– Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдында және артына «Балалар тасымалы» деген таным белгілері орнатылады;

– Балалар топтарын 25 жасқа толған, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар жүргізушілердің тасымалдауына рұқсат етіледі;

– Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

Сондай-ақ, балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті болуы және онда 8 литрлік 2 өрт сөндіргіш құралы, 2 дәрі-дәрмек қобдишасы болуы шарт.

«Аталған талаптарды орындамаған көлік жүргізушілерге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес айыппұл салынады. Осы ретте, аталған талаптарды және жол жүрісі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз», – деп ескертті Қызылорда облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Пазылов Нұрмахан.

Қызылорда облысы ПД баспасөз қызметі

№75 (3503)
20 қыркүйек2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ ӨТКІЗУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Норвегия, Жаңа Зеландия, Финляндия елдері көш бастаған рейтингте көршілес Қырғызстан – 115, Ресей – 124, Әзірбайжан – 141, Қытай – 148, Өзбекстан – 150, Иран – 154, Түрікменстан – 164 орында тұр. 10 жыл бұрын, дәлірек айтқанда 2011 жылдың желтоқсанында жарияланған рейтинг бойынша Қырғызстан – 107, Ресей – 117, Қазақстан – 137, Әзірбайжан – 140, Қытай – 141, Иран – 159, Өзбекстан – 164, Түрікменстан – 165-сатыда болатын. Онда зерттеу нысаны болған елдердегі билік жүйесінің үлгісі – толық демократиялы, демократиясы жеткіліксіз, гибридтік жүйе, авторитарлық жүйе деген 4 дәрежеге жіктеледі. Мұнда билік жүйесі гибридтік деп бағаланған Қырғызстаннан өзгелер авторитарлық деп сараланған.

2019 жылы 19 наурыздағы халыққа үндеуінде Н.Назарбаев: «Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігімді тоқтату жөнінде шешім қабылдадым. Бұл – оңай шешім емес. Биыл еліміздің ең жоғары лауазымындағы қызметімді атқарып келе жатқаныма 30 жыл толады. Халқым маған тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті болу мүмкіндігін берді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы ретіндегі алдағы міндетім – басшылардың жаңа буынының билікке келуін қамтамасыз ету. Олар елімізді жаңғырту процестерін жалғастыратын болады. Қазақстандағы билік сабақтастығы конституциялық тұрғыдан реттелген. Президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімі аяқталғанға дейін Сенат төрағасына беріледі. Содан кейін жаңа Президент сайлауы болады» деген еді. Соған сәйкес Қ.Тоқаев 2019 жылғы 9 сәуірдегі үндеуінде: Конституцияға сәйкес ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешімін жариялады. Ал 12 маусымда Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзінде: «Бұл сайлау, шын мәнінде, демократия талаптарына сай өтті. Сайлау алаңында, нағыз ашық бәсекеге түсу мүмкіндігі болды. Барлық саяси күш өкілдері қатысты. Саяси бағдарламалар сайысқа түскен әділ дода болды» деп сайлауалды платформасын жүзеге асырудағы нақты жоспарындағы 10 негізгі бағытты атап көрсетті. Олар: халықтың табысын арттыру; сыбайлас жемқорлықты жою; Сот және құқық қорғау жүйесін реформалау; жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жалақымен қамту; тұрғын үй мәселесін шешу; әділетті әлеуметтік саясат; өңірлерді дамытудың жаңа бағдары; «Рухани жаңғыру» құндылықтары; сыртқы саясат, жастарды қолдау.

Конституция бойынша Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс болатын. Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі жолдауында: биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі» дегенді айтты.

Егер Қ.Тоқаев билігі кезінде Қазақстанның демократия деңгейі өзгеріссіз 128 орында болғанын ескерсек, бұл көрсеткіш алдағы жылы да тұрақты боларына әзірге сенім аз. Өйткені, жыл басында елде орын алған «қаңтар қасіретінен» кейінгі жағдай мен мерзімінен бұрын өтетін сайлаулар елдегі демократия мен адам еркіндігі деңгейіне де өз әсерін тигізуі мүмкін. Мәселен, американдық Катон институты, канадалық Фрейзер институты мен германиялық Фридрих Науманн қоры жариялайтын Адам еркіндігі индексінің 2020 жылғы рейтингінде 162 мемлекеттің арасында Қырғызстан – 70, Қазақстан – 75, Ресей – 115, Әзірбайжан – 116, Қытай – 129-орында болды. Ал 2021 жылғы наурызда жарияланған Freedom House ұйымының Саяси және азаматтық еркіндік рейтингінде 209 мемлекеттің ішінде Қырғызстан – 159, Қазақстан – 167, Ресей –172, Өзбекстан –189, Әзірбайжан –193, Қытай –194, Түрікменстан – 207-орыннан көрінді. Әрине бұл жағдай елдің тұрмыс-тіршілігінде айқын аңғарылмағанымен, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы абыройы мен беделіне өз әсерін тигізері күмәнсіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Мерзімінен бұрын өтетін Президент пен Парламент сайлауы елдегі демократия деңгейі бойынша рейтингтегі көрсеткішімізді жақсартады деуге сену қиын. Заң талабының сақталмауын елдегі демократияның мимикасы деген жөн шығар. Қазір бізде ешқандай соғыс не жұт болып жатқан жоқ. Сондықтан бейбіт өмір кезеңінде оны мерзімінен бұрын өткізу демократияға қарсы негативтік құбылыс. Оған бізде ешқандай қажеттілік жоқ.

Мемлекет басшысы айтып жүрген «Әділетті Қазақстан құру» үшін сайлау өз уақытында өтіп, оған дейін Президент өзінің 2019 жылғы сайлаудағы бағдарламасында көрсетілген негізгі бағыттар бойынша жұмысының нәтижесін көрсетуі қажет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

«Халық заңгері» республикалық акциясы алғаш рет 2013 жылы Алматы қаласында ұйымдастырылды. Міне, содан бері еліміздің түкпір-түкпірінде мыңдаған адамның құқықтық мәселесін шешуге мұрындық болған акция Қазақстан азаматтарына тегін заңгерлік көмек беріп қана қоймай, олардың құқықтық сауатын көтеруге де септігін тигізіп келеді.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІНІҢ» КӨМЕГІН АЛҒАНДАР КӨП

Коронавирусқа байланысты карантин шектеулері енгізілгенде ел шеңберінде өткізілген акция да уақытша тоқтаған еді. Ал биылғы жылы, құқықтық кеңес жаңа қарқынмен, кең ауқымда өткізілгенін ерекше атап өткен жөн.

Алматыда ұйымдастырылған шараға шаһардан бөлек, қала іргесіндегі елді мекен тұрғындары да келіп көмек алды. Ұйымдастырушылар құқықтық кеңес беретін мамандарды Алматы арена секілді үлкен ғимараттың екінші қабатын бойлай орналастырыпты. Олардың қатарында тек заңгерлер мен адвокаттар емес, азаматтарға көмек беруге ынталылар ішінде мегаполистегі аудандардың әкімдері де бар. Сонымен бірге, ең жиі сұрақ қойылатын – білім, денсаулық, жер қатынастары, әлеуметтік көмекке қатысты басқарма өкілдері де халықтың талап-тілегін тыңдады. Әсіресе, Алматы қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның кеңесін алу үшін кезекке тұрған азаматтардың қарасы қалың. Оларды мектептегі білім сапасы, балабақша кезегіне тұрудан бастап, тегін тамақ, әлеуметтік көмек, жұмысқа орналасу секілді сұрақтардың мазалайтынын байқадық. Ләззат Әуесханқызы барлық азаматты ыждағатты тыңдап, кеңесін беріп, жол нұсқады.

Акцияға Алматыдағы аудан әкімдері де тегіс қатысты. Қатыса алмағандары халықпен жүздесуге орынбасарын жіберген. Тұрғындардың оларға қойғысы келетін сауалы да аз емес екен. Әсіресе, азаматтар жылжымайтын мүліктерін рәсімдеуге, ортақ жерді пайдалануға, жеке кәсібін бастауға байланысты сауалдарын қойып жатты. Сот, прокуратура, әділет, полицияға да назы мен базынасы барлар көп болғандықтан, шараға құзырлы орган өкілдері де шақырылған екен. Олардың қатарында Алмалы аудандық №2 сотының судьясы Ернар Қасымбеков болды. Үлкен үмітпен келген азаматтар судья кеңесінен тоқ көңілмен, зор үмітпен шығып жатқанын көріп біз де қуандық.

Бұл шараның негізгі ұйытқысы – адвокаттар мен заңгерлер. Халыққа жеңіл болуы үшін әр заңгердің қандай сұрақтар бойынша білікті кеңес беретіні арнайы көрсетілген. Азаматтық, қылмыстық істер бойынша, мұрагерлікке, жер қатынастарына қатысты, алимент, мүлікті бөлуге байланысты, мемлекеттік сату-сатып алудағы түсінбеушіліктерге орай кеңес беретін заңгерлер мен адвокаттардың бір де бірі адамнан босаған жоқ. Сонымен бірге, банкке, сақтандыруға, бухгалтерлік есепке, кәсіпкерлік құжаттарға қатысты сауалдарға нақты жауап беретін мамандардың да кеңесіне зәру жандардың аз еместігі байқалды.

Биыл акция республика бойынша 16 қыркүйек күні сағат 16.00-де басталды. Шараны ұйымдастырушы Zakon.kz порталы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және «ПАРАГРАФ» АЖ жоғарыда көрсетілген уақыт республика халқы үшін ең ыңғайлы деп шешкен.

Осылайша, қазақстандықтар «Халық заңгері» акциясы аясында бір емес, бірнеше заңгерге жүгініп, әртүрлі сұрақтары бойынша тиісті мамандардың ақысыз қызметін пайдалануға мүмкіндік алды. Бұл жоба сотқа жүгінушілер үшін де тиімді. Яғни, шұғыл арада заңгердің немесе адвокаттың көмегі керек болды делік, олай болса заңгерді алыстан іздемей-ақ, халық заңгерлері арасынан таңдауға болады.

Сол сияқты, «Халық заңгері» акциясы жас заңгерлер мен адвокаттар үшін тәжірибелерін шыңдап, білікті әріптестерінен тағылым алуға таптырмас мүмкіндік. Бір сөзбен айтқанда, бұл шара халыққа ғана емес, өз кезегінде білікті мамандардың елге пайдалы іс атқарып, әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне көмектесетін маңызды жоба.

Сіз не дейсіз?

Ләззат АХАТОВА, адвокат:

– «Халық заңгері» сияқты шаралардың өтуі – өте құптарлық іс. Халықтың құқықтық сауатын арттыру мақсатында, тегін заң көмегін алу бағытында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің істеп жатқан жұмыстары жақсы. Алайда, Астана қаласындағы шарада мемлекеттік тіл екінші қатарда қалған. Жазудың бәрі орысша жазылған. Өзі құқықтық шара, бірақ мемлекеттік тілдің мәртебесін менсінбей, құжаттардың ұлтаралық тілде жазылуын қалай түсінеміз? Ұйымдастырушылардың бір-екеуіне ескерту жасасам, иықтарын қиқаң еткізіп кетті. Айтқанның аузы жаман, бірақ басқа жерде емес, Қазақстан Республикасының астанасында өткізіліп жатқан әжептеуір іс-шараны елімізде бекітілген мемлекеттік тілде, тым болмаса, екі тілде өткізсе болмай ма?

Мейірман ШЕКЕЕВ, заңгер:

– «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясына Алматы қаласының өзінен 140-тан астам заңгерлер мен адвокат қатысып, 1 500-дей азаматқа тегін заңгерлік көмек ұсынды. Бұл жолғы артықшылығы жүрегі қазақ дейтін Михаил Коломин мен Элина Черногрицкаяның арқасында мемлекеттік тілдің қолданысына айрықша көңіл бөлінді. АЛҒЫС ХАТТАР тек МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ толтырылып, қатысушыларға тапсырылды! Барлық мемлекеттік мекемелерге осы жақсы іс үлгі болсын!

Алмаз БАҒЛАНҰЛЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ӨЗГЕРГЕН «АСТАНА»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел астанасын Нұр-Сұлтаннан Астанаға өзгерту туралы Жарлығы жарияланып, күшіне енді.

Жарлықтың мәтінінде оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілгені атап өтілген.

Қазақстанның бас қаласының атауы осымен бесінші рет өзгертіліп отыр. Қазақтың қалың көші орталыққа жиналып, Есілдің жағасынан жаңа қала тұрғызғанға дейін Ақмола атанған бұл шаһардың іргесі 1862 жылы қаланған болатын. 1961 жылдың 20 наурызында Ақмола Целиноград болып өзгертілді. Шешім қабылдағандар сол кездегі одақтас елдер ішінде тыңның орталығы, бидай ең көп жиналған жер болғандықтан Целиноград қаланың шынайы келбетін ашады десе керек. Ал 1992 жылдың 6 шілдесінде қала көне атауын қайта иеленіп, ақ мол жиналатын Ақмола қаласы атанған еді.

Ел іргесін бекітіп, орталық аймақты қазақыландыру мақсатында 1994 жылдың 6 шілдесі күні астананы Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданды. Басында қаржылық шығынның көп екенін, Ақмоланың табиғаты қатал екенін алға тартқандар астананың ауысуына қарсы уәждерін білдірді. Алайда, Арқа төрінде түлеген жаңа қаланың бүгінгі келбетіне қарап бұл шешімнің дұрыстығына көз жеткізгендей боласың. Жаңарған, жаңғырған қалаға жаңа атау керегі де осы тұста жиі айтылды. Нәтижесінде көпшілік кеңесе келе 1998 жылы елордамыз Астана атанды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 2019 жыл Президенттің ауысуымен есте қалды. Осы жылдың 20 наурызында ант қабылдаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының елеулі еңбегін ескере отырып, Астанаға Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін беру туралы ұсынысын көпшілікке жеткізді. Ұсынысты Парламент пен мәслихат депутаттары бірауыздан қолдаған еді.

Міне, осындай тарихы бар астанамыздың жылнамасына биыл тағы жаңа өзгеріс енгізіліп отыр. Енді біздің астанамыз – Астана!

А.БАҒЛАНҰЛЫ

ӨМІР-ӨЗЕН

КӨЗДЕН КЕТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ

Қыдырбек Әлқожаев Алла тағаланың маңдайына жазған 51 жылдық ғұмырында адамдық биігінен көріне білген, парасатты жан болатын. Қашан көрсең де қамқор көңілін, кең пейілін танытып жүретін қазақтың бетке ұстар азаматының бірі еді. Амал нешік, арамыздан мезгілсіз кетті. Ұлтжанды, қазақ тілінің нағыз жанашыры бола білді әрі өмірінде адалдықты ту етті.

Қазақ гуманитарлық заң және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттерінде ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиеледі. Сонымен қатар, ол ҚР ҰҚК Әскери институтында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Қыдырбек Қорғанбекұлы сот саласында жиырма жылға жуық уақыт абыройлы еңбек ете жүріп ҚР Жоғарғы Сотында аға сарапшы, бас консультант, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі болды.

ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» бағдарламасы арқылы Лондон экономикалық және саяси ғылымдар мектебі жанындағы тіл орталығында 1 жыл ғылыми тағылымдамадан өтті.

Сала жұмысының жандануына айрықша атсалысқан Қ.Әлқожаев Нұр-Сұлтан (бүгінгі Астана) қаласындағы Алматы ауданының №2 сотында судья, Елордамыздағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында төраға болды. Бас қаламыздың қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында судьялық қызметте жүріп, көз жұмды. Өмірдің өткінші, дүниенің жалғандығын ақ пейілді ағамыздың мезгілсіз қазасы дәлелдеп кеткендей.

Судьяның көзі тірісінде айтқан сот, құқық мәселесі жөніндегі мәнді де мағыналы ойларын оқырман назарына ұсынамыз.

Отбасылық сот та, жасөспірімдер соты да қатар жұмыс істеуі қажет

Біздің елімізде балалар құқығын қорғау мәселесі барлық уақытта бірінші орында тұрады. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттың құрылуы да осының айғағы. Аталған соттың 2009 жылы алғаш ашылғандағы негізгі функциясы қылмыстық құқық пен әкімшілік құқықты қатар қарау болды. Ювеналды соттың негізгі идеясы балаларды қылмыстық құқық саласында қорғау. Бұл сот өзін-өзі дәлелдеді. Осы себепті, ювеналды әділетті біз қалай дегенде де сақтауымыз керек. Отбасылық сот өз алдына бөлек болуы тиіс. Өйткені, Қазақстанда балалардың құқығы Конституциямен қорғалған, әлемдік деңгейдегі мемлекеттер қатарындамыз. Құқықтық саладағы өзіміздің артықшылығымыз да осында, яғни, балалар құқығын қорғау.

Мен осы сотқа келгенге дейін қылмыстық істерді қарадым. Өзім куә болмағанша отбасылық даулар осыншалықты жоғары деңгейде деп ойламаппын. Халқымыздың басында отбасылық мәселелер әбден қордаланып қалған, ажырасу көп. Алимент төлеуден жалтаратындар мен әкелігін мойындаудан қашатындар, тіпті, көп. Осындай дауларда балалардың құқығын қорғау үшін отбасылық сот та, жасөспірімдер соты да қатар жұмыс істеуі қажет.

Азаматтар әке болуға дайын емес

Әкенің отбасынан, баладан безуі бүкіл қоғамды ойландыратын өте күрделі мәселе. Аталған даудың түріне қатысты түскен әрбір істі қарау барысында халқымыздың отбасы жауапкершілігіндегі ұлттық салт-дәстүрлері мен құндылықтары мүлде ұмыт қалғанына куә боласың. Тәжірибеден байқағаным, ел қорғайды деп үміт артып жүрген жастарымыздың көбісі отбасын құруға, әке болуға психологиялық тұрғыда дайын емес. Сондықтан, айтатын уәждерінің де мәні жоқ. Әкеліктен қашатындардың басым көпшілігі тұрақты жұмыс істемейді. Қалаға жан-жақтан келгендердің көбі азаматтық некеге тұрады.

Қыздарымыздың жауапкершілігін көтеру де күйіп тұрған проблема. Қазақ қызын әрқашан да сыпайылыққа, қисық мінез, кеселді сөзден аулақ болуға, ал, ұлын батылдық пен батырлыққа, турашылдық пен шыншылдыққа, имандылық пен даналыққа тәрбиелеген. Қыз баласы ақ некелі жарына ұзатылғанша қаншама салт-дәстүр орындалатын. Қыз бен жігіт немесе олардың ата-анасы ғана емес, ел мен ел табысады. Қазір ешкімнің сұрауы жоқ, әркім өзінше бетбетімен тіршілігін күйттеп жүр.

Бұған заманды кінәлаған дұрыс болмас, бар кінә адамның тәрбиесінде. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов айтқандай, «Тәртіп пен заң өзгерсе де, отбасылық құндылықтар өзгермейтін киелі әрі мәңгілік құндылықтар. Барлық жақсылық атаулы отбасынан бастау алады». Демек, қазіргі келеңсіздіктің түп тамыры отбасылық құндылықтарымызды жоғалтып алуымызбен тікелей байланысты. Жастар санасында отбасылық қиындықтан ажырасу арқылы құтылғысы келетін, оны оңай жол деп танитын тенденция қалыптасты.

Гендерлік саясат – табиғи болмысқа қарсылық

Гендерлік саясат біздің ұлтқа аса тиімді дүние емес. Бұл мәселе алғашқы төңкеріс заманында да болған. Сол тұста әйелдерге теңдік әперу мақсатында оларды атқа қондырып, ел ісіне араластырды. Ол кездің көріністері Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунист» повесінде жан-жақты суреттелген. Көңілге қонбайды дейтінім, қалай болғанда да адамның Алла тағала жаратқан жеке-дара табиғи болмысы бар. Сол болмыстан ешкім асып кете алмайды. Мейлі ол қанша жерден ақылды, мықты болсын, бірақ, табиғи жаратылыстан, ақиқаттан ешкім аттап кетпейді. Сондықтан, қоғамда, отбасында, қызметте әйел өзінің әйелдік жолын, ер-азамат өзінің азаматтық позициясын ұстауы керек.

Заңдарда ұлттық сипаттан гөрі халықаралық норма басым

Біз ұлттық заң, ұлттық заңнама және халықаралық заңнама дейміз. Қазіргі заңдарда сол ұлттық сипатқа қарағанда халықаралық нормалар басым. Ал, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексте ұлттық ерекшеліктер, ұлттық белгілер жоқтың қасы. Отбасы туралы заңда міндетті түрде ұлттық сипатқа басымдық, атап айтқанда, тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрлік нормаларға кеңінен орын берілгені жөн.

Ғұлама жазушы Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» деген кітабындағы «Жаман заңнан көрі, жақсы салт әлдеқайда артық» деген сөзі өте қатты ұнады. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деуі де біраз жайтты аңғартса керек. Бұдан отаншылдық, ерлік, батырлық, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт-дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Салт-дәстүрді – адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас норма іспетті десек те болады. Өйткені, әрбір қазақ ұлттық салт-сана, дәстүр, әдет, әдептен аттап өтпейді. Сондықтан, олардың ең озық үлгілері заңдарымыздан көрініс тапқанынан ұтпасақ ұтылмаймыз.

Қазақтың ер-азаматы ешқашан да отбасы алдындағы жауапкершіліктен қашпаған. Бір отбасы тұрмақ, бүтін бір әулеттің, бүкіл жұрттың, жалпы ұлттың қамын ойлаған. Барлық мәселе жауапкершіліктің жоқтығына келіп тіреледі. Қолымен істегенін мойнымен көтергісі келмейді. Сондықтан, отбасы туралы кодексте ұлттық, дәстүрлік сипаттағы нормаларға басымдық беру маңызды.

Бұрын шаңырақтың шайқалуы неге аз болған десек, бабаларымыз бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарға, салт-дәстүрге айрықша мән берген ғой. Қазақ даналары «Қызың жақсы болсын десең – қылықтымен ауылдас бол, Ұлың жақсы болсын десең – біліктімен ауылдас бол» деген. Халқымыз ата-баба өсиетін берік ұстанып, қыз бала ес біліп етек жеңін жинай бастаған кезден-ақ текті, тәрбиелі, иманды, адамгершілігі жоғары, өнерлі ортамен қарым-қатынас жасап, оларға жақын болуға икемдеген.

Жас отбасы аяққа тұрғанша туғантуыс, құда-жегжат жан-жақтан қолдап, ақыл-кеңес айтып, қамқорлық жасаған. Сол арқылы жастар отбасылық өмірге бейімделген. Мысалы, қазақтың енелер институтының өзі неге тұрады? Отбасы институтын және отбасылық құндылықтарды нығайтуды күшейту арқылы жастармен жұмыс жүргізілсе, ажырасу азаяды. Салт-дәстүріміз, әдет-ғұрып, жөн-жоралғыларымыз заманауи заңдарымызбен үйлестірілсе ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі құт болып қалар еді.

Кәмелеттік жасты өсірген жөн

Балалар құқығын қорғайтын кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі арнайы қызмет бізде сотпен қатар ішкі істер, прокуратура, адвокатура салаларында да ашылуы керек еді. Ішкі істер министрлігінің ювеналды бір саласы бар. Ал прокуратура мен адвокатурада арнайы құрылым, мемлекеттік орган ретінде ашылмағанымен, өз қызметін атқаруда.

Балалар құқығын қорғау күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Өйткені, кәмелеттік жасқа толмай жатып қылмыстық әрекетке ұрынатындар, соның салдарынан бас бостандығынан айырылатындар бар. Солардың немесе түрмеде өмірге келген балалардың тағдыры оңай емес. Қазіргі таңда шетелдерде кәмелеттік жасты 18-ден 21-ге дейін өсіру мәселесі көтерілуде.

Бүгінде балалар қылмысының қайталануы көбейіп кетті. Сотқа балалар қолымен жасалған санқилы істер түседі. Соларды қарап отырып, көзім жеткені 17-18-дегі қыз-жігіттердің санасы 14-15 жастағылардың деңгейінде. Осы себепті, кәмелеттік жасты 20 немесе 21-ге көтерген жөн болар деп ойлаймын. Себебі, оларға жаза тағайындағанда міндетті түрде жас ерекшелігі ескеріледі. Мәселен, қылмыс түрлі санатқа бөлінеді. Санат бойынша ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға да кешірім беріледі. Бұл, әрине, кәсіби мәселе. Жаза тағайындаған кезде қалай болғанда да балаларға молырақ мүмкіндік берген абзал. Тәжірибемізде бар, мысалы, бірінші рет қылмысқа барады, ұрлық, тонау бабымен. Арасында бұзақылық кездеседі. Көбінесе тонау, әлімжеттік оқиғалары. Бірінші рет жәбірленуші жақпен татауласуына орай ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ауыр санаттағы қылмыс болса да кәмелетке толмағандар қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Бірақ, бала санасы жетпей ме екен, кім білсін, сол әрекетінен сабақ алмайды. Біраз уақыт өткеннен кейін қайтып айналып сотқа түседі. Ол әрекеті екі-үш рет қайталанады. Қылмыс жиынтығы көбейіп, бас бостандығынан айыруға тура келеді. Былай қарап тұрсаң бала, ол әлі санасы жетіліп өзінің әрекетін түсініп тұрған жоқ. Сондай жағдайлар кәмелет жасын өсіруге түрткі болатын сияқты. 18-дегі бала мойнына бірден жауапкершілік арту да қиындау.

Білместікті балалыққа балау – қате

Біздің мемлекетте бұл мәселе көтеріліп те жатқан жоқ. Сондықтан, әлі талқыға түспеді. Дегенмен, кәмелеттік жасты көтеру идеясы балалар құқығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдардың әртүрлі отырыстарында сөз болып жүр. Біздің қолымызда заңымыз тұр неге өзгеріс енгізіп, өз балаларымыздың құқығын бұдан да жоғары деңгейде қорғамасқа деген пікір айтылуда. Әрине, мұның ішінде кәмелеттік жасты өсіру мәселесі де бар.

Ұл-қызымыздың кез келген білместігін балалыққа балау біздің қанымызда бар қасиет, көп жағдайда «ой, балалық қой» деп жуып-шаюға тырысамыз. Тіпті, «Бір елде бір тентек жүрмей ме?» – деп, кеңпейілділікке де саламыз. Қалай дегенде де балаға қателігі үшін бірден жаза кесу қиын. Жоғарғы Сот судьяларымен жиі кеңесеміз, ол кісілердің позициялары да сол мүмкіндік болса балаларға кешірім жасау, бас бостандығынан айыру жазасын қолданбау. Заңда ізгілендіру шаралары болғанымен, оның санкциялары бар. Судьялар оның талабынан шыға алмайды.

Қылмыстық іс татуластыру негізінде қысқартылады. Мысалы, 68-баптың бірінші бөлігімен үлкен адамға қатысты қылмыс, әрине, ол аса ауыр санаттағы қылмыс болмаса, қысқартуға жатады. Ал, балаларға қатысты ауыр санаттағы қылмыс 68-баптың екінші тармағымен тоқтатылуға жатады. Балалар ісінде екі жақтың ата-анасы бір-бірімен түсінісіп, кешірім беріп жатады. Заң талабына сай келсе сот мүмкіндігінше татуластырып, істі қысқартуға тырысады. Соған орай, істердің басым көпшілігі біздің сотта тоқтатылып та жатыр. Ауызекі сөйлеуде қысқартылу деп айта береміз ғой, бірақ, процессуалдық түсінік бойынша қысқарту мен тоқтатылудың мәні екі басқа.

Шынында да балалар тарапынан қылмыстық әрекетке бару көп жағдайда балалықпен байланысты. Біреудің әдемі ұялы телефонына қызығады, соның салдарынан ойланбай әрекет жасайды. Оны кейін ата-анасы қайтарады немесе құнын төлеп береді. Сондай әрекеттер арқылы татуласады. Бірақ, кейбір балалар жаман әдетке бойын үйретіп алады.

Түймегүл ИБАШЕВА

БАСТАМА

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕМІСІ

Қазақстан судьяларының VI съезінде сот ісін жүргізу процесіне ақпараттық технология жетістіктерін енгізу міндеті қойылған болатын. Тапсырманы орындау мақсатында Жоғарғы сот «Сот кабинеті» электронды форматын әзірледі.

Бұл «кабинет» – сот құрылымында қолға алынған заманауи технологияның бірі. Электронды формат ең алдымен халыққа сот жүйесінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жасалып отыр. Осы «кабинет» арқылы сотқа электронды түрде талап-арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжатты қадағалап отыруға болады.

Халықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы бірқатар жұмыстар жалғасын табуда. Бүгінгі күні «Сот кабинеті» сервисінде жаңа қызмет іске қосылды. Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында сервисте авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді. Осының нәтижесінде «Мобильді сот кабинеті» арқылы QR-кодпен өтініштерді авторизациялауға және қол қоюға болады.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Енгізілген жаңашылдық сервиспен жұмысты айтарлықтай дәрежеде жеңілдетті.

Артықшылықтары:

1. eGov mobile арқылы ЭЦҚ алу;

2. Компьютерде ЭЦҚ қажеттілігінің болмауы (тұрақсыз NCALayer арқылы қол қою мәселесі шешілуде);

3. Мобильді гаджеттердің қосымша параметрлерінің қажеті жоқ;

4. Мобильді гаджет арқылы авторизациядан өту және құжаттарға қол қою.

QR-кодты қолдану «Сот кабинетінің» жұмысын жеңілдетеді. Енді ұялы гаджет арқылы құжаттарға қол қоюға мүмкіндік туды. Бұл жағдайда компьютерде тарап бағдарламалары қажет болмайды.

«Сот құжаттарымен QR код арқылы танысу» жобасы да іске асырылуда. Ол құжаттарды таныстыру және көшіріп алу үшін QR кодын жіберуге мүмкіндік береді (бұл өтініш «Сот кабинетінде» жасалғаннан кейін іске асырылады). «Сот кабинеті» интерфейсі де оңтайландырылды. Жеке бөлімге «жиі берілетін өтініштер» бөлімшесі орналастырылды.

Алдағы уақыттарда Жоғарғы Соттың бағдарламашылары тарапынан «Сот кабинеті» сервисінің мүмкіндіктерін кеңейту, сот жүйесі сервистерін үнемі жетілдіру жұмыстары жалғасын табары анық.

Гүлзия БОРАШЕВА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

№75 (3503)
20 қыркүйек2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Динар НҮКЕТАЕВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«МҰҒАЛІМ ҚҰПТАМАҒАН РЕФОРМАНЫҢ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАРЫ КҮМӘНДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жасыратыны жоқ, бүгінде қай деңгейдегі болмасын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайы сын көтермейді. Заман дамып, технологияның жетістіктері барлық өмірімізге дендей енген XXI ғасырда біздің көптеген оқу орындарының жабдықталу деңгейі уақыт ағымынан айтарлықтай кенже қалған. Жаңа буын компьютерлері жеткіліксіз, кейбірінде мүлде жоқ. Бірқатар оқу орындарындағы ғаламтор желісі әлсіз. Лабораториялардың жабдықталуы да заман талабына жауап бермейді. Көбі ескірген құралдармен жұмыс істеуде. Бұл ретте, әсіресе, жекеменшік колледждерге қолдау қажеттігі байқалды.

Мемлекеттік арнаулы оқу орындары «Жас маман» бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базасын біршама жақсартып алған. Олардағы станок секілді құрылғылар кейбір өндіріс орындарында жоқ. Жекеменшік коллеждерге де осындай жағдай жасау керек. Өкінішке қарай, олар аталмыш бағдарлама бойынша еш қаражат ала алмады. Бұл мәселе конкурстық негізде шешіледі. Бірақ жекемешік колледждерде де еліміздің болашақ мамандары даярланып жатыр. Сондықтан оқу орындарын мемлекеттік, жекеменшік деп бөліп-жармай, оларға тең деңгейде жағдай жасасақ, бұл мамандар сапасына өз ықпалын тигізер еді. Біз осы мәселені көтеріп, дөңгелек үстел өткізіп, құзырлы орындарға нақты ұсыныстарымызды бердік. Бір шешімі болар деген үміттеміз.

Жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларының жалақысы төмен екендігі айтылды. Қазіргі кезде арнайы заң қабылданып, педогог мәртебесінің көтерілуіне байланысты мұғалімдердің жалақысы едеуір деңгейде өсті ғой. Тағы 2024 жылға қарай 100 пайызға дейін өсетіні белгілі болып отыр. Енді жоғары оқу орындары оқытушыларының да жалақысы көтерілуі қажет деп ойлаймыз.

Жалпы, білім сапасына қатысты мәселе көп. Оларды шешу үшін тиісті заңдар толықтырылып та жатыр. Алдағы уақытта да бұл үдеріс тоқтамайды. Жуырда оқу-ағарту министрі маман жетіспей жатқан Маңғыстау, Түркістан облыстарына жалақысын 800 мың теңгеге дейін көтеріп, конкурстық негізде мамандар жібереміз деді. Осындай нақты шаралар қажет. Барлық жерде білімі терең, білігі мол ұстаздар дәріс берсе деген ойдамыз.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде де осы мәселе. Оларда арнайы мамандар жетіспейді. Тәрбиешілердің жүктемесі өте көп, ал жалақысы жүз мың теңгенің ар жақ, бер жағында. Көбінің несиелері бар. Сондықтан бұл салаға мамандар келгісі келмейді. Балабақша басшылары амалсыздан педагогикалық жоғары білімі бардың бәрін талғамай ала беруге мәжбүр. Мұндай жағдайда сапа жайлы қандай әңгіме айтуға болады? Балабақша мен мектептің арасы жер мен көктей ғой. Бұл жөнінде қоғам да үнемі алаңдаушылық білдіріп, бұқаралық ақпарат құралдары да айтып келеді. Мен өткен сессия соңында Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, балабақша тәрбиешілерінің жалақысын өсіру, олардың біліктілігін арттыру жайлы мәселе көтердім. Мемлекет басшысына рақмет, осы жолдауда халықтың үніне құлақ асып, үкіметке мектепке дейінгі балалар мекемелеріне қатысты нақты тапсырмалар берді. Алдағы уақытта бұл мәселе тиісті заңнамада өз шешімін табады деген үміттеміз.

– Қоғамды алаңдатып тұрған әйелдердің зейнет жасы жайлы да жолдауда айтылды. Бұл мәселе, әсіресе, мұғалімдер тарапынан жиі көтерілгенін білеміз. Сіздерге де кездесу барысында айтылған болар?

– Иә, зейнет жасы да, зейнетақы көлемі туралы да біраз базына естідік. Қазіргі қымбатшылық аймақтағы қауым үшін де оңай болып тұрған жоқ. Бүгінде он мың теңге ауыз шаюға жарамайтын болды. Инфляция әлі де өсе түседі деген болжам бар.

Зейнетақының аздығын айтады шалғайдағы қауым. Бұрын ауыл мұғалімдеріне тегін немесе арзан бағамен көмір түсіріп беру секілді көмектер жасалушы еді. Осындай шараларды жаңғыртсақ, біраз отбасына сәл де болса әлеуметтік тұрғыда қолдау болар еді. Қазір көбінің мал ұстайтын жағдайы жоқ. Себебі, жайылым жер жетіспейді. Он миллион гектарға жуық игерілмей жатқан жер телімдерін алып, мал ұстайтын, егін егетін адамдарға бөліп беру жөнінде тапсырма бар. Бұл мәселе шешілсе, шаруа баққан қауымға зор көмек болар еді деген де өтініш айтылды.

Ал зейнет жасын төмендету жөнінде сөйлескенімізде, мұғалімдер бірден демалысқа кеткісі келмейтін көрінді. Олар зейнетке шығып алып, жарты, тіпті бір ставкамен жұмыс істегісі келеді. Мұны жасырып отырған жоқ. Рас, кей мектептерде мұғалім жетіспегендіктен, зейнеткерлерді алуға мәжбүрміз. Бұл да білім беру ісіндегі өзекті мәселе. Өйткені, қазір жаратылыстану, химия, физика пәндерінің мұғалімдері аз. Жалпы еңбек биржасының сайтын қарап отырсақ, кезекте тұрған осындай мамандық иелерінің саны жүздеп саналады. Бірақ білім беру ұйымдары оларды жұмысқа алуға құлықсыз. Өйткені, мұндай мамандардың көбі біліктіліктері төмен, конкурс талаптарына сай келмейді.

Бізде диплом үшін ғана оқу үрдіске енді. Төрт-бес дипломы бар, бірақ қолынан ешнәрсе келмейтін мамандар көбейді. Бұл оқу орындары үшін үлкен сын. Олар тек диплом беруді ойламай, қолынан іс келетін, сұранысқа ие маман дайындап шығару керек. Айналып келіп, білімнің сапасына, мамандардың деңгейіне тіреле береміз. Расында іс тетігін кадр шешеді дегендей, Қазақстанды жаңа деңгейге көтеріп, өзіміздің де әл-ауқатымызды жоғарылатып, бәсекеге қабілетті елге айналамыз десек, бізге білім саласындағы қордаланған мәселелерді шешу керек. Соған орай, нақты, жүйелі бағдарлама жасау маңызды. Бұл жөнінде де Мемлекет басшысы жуырдағы жолдауында жақсы айтып, нақты міндеттерді белгіледі.

Жамбыл, Қарасай аудандарында болған кездесулерде апатты мектептер мәселесі көтерілді. Қашан құтыламыз бұлардан деп, жұршылық қатты алаңдап отыр. Қуаныштысы сол, мұның да шешімі осы жолдауда айтылды. Президент алдағы жыл бюджетінде мектеп құрылысына 21 трлн теңгенің үстінде қаржы бөлінетінін, оның 2,4 трлн теңгесі жайлы мектептер салуға бағытталатынын айтты. Көптеген қайтарылған қаражаттың мектеп салуға жұмсалатыны белгілі болды. Көріп отырғанымыздай, жылдан жылға баланың саны өсіп келе жатыр. Осыған орай, жолдауда Ұлттық қордан балаларға қаржы бөлу туралы да мәселе көтерілді. Мұның бәрі тиімді шешімін тапса, сапалы ұлтқа айналуымыздың кепілдігі ғой.

– Қазір студент жастарға жатақхана жетіспей жатыр. Әсіресе, Алматы қаласында жағдай қиын. Бірқатар студент жататын жер таппай, вокзалда түнеп жүргенін айтып әлеуметтік желіде мұңын шақты. Осыны анықтап көрдіңіз бе?

– Нақтысын білмедім. Бірақ жатақхананың жетіспейтін жөні бар. Себебі, Алматыға оқу үшін жастар жан-жақтан келеді. Бір үйден бірнеше бала келіп, оқып жатқан жайы бар. Олардың біріне жатақхана тисе, енді біріне тимейді. Амалсыздан ата-аналар балаларына пәтер жалдауға мәжбүр болады. Қазір оның да бағасы аспандап кетті. Қалтасы жұқалар амалсыздан вокзалды, әуежайды паналап жүрген шығар...

Мемлекет басшысы жуырдағы жолдауында бұл мәселеге қатысты да нақты міндеттер жүктеді. Мемлекет пен жекеменшіктің әріптестігі аясында жатақханалар салынады деп сендірді. Екіншіден, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін жалдайтын пәтер құнын субсидиялау тапсырылды. Бұл өте оң шешім. Ректор болып жүрген кезімде осы мәселемен талай рет бетпе-бет келген едім. Жатақхананың жетіспеуі әсіресе, қыз балалар үшін өте қиын. Олар әке-шешесіне жаны ашып, пәтерақысын төлеу үшін жұмыс істейді. Түнгі уақытта кафе, ресторанда даяшы болады көбіне. Қыз балалар үшін бұл қауіпті. Оның үстіне, олар оқуы керек қой. Мұндай жағдайда қалай сапалы білім алады? Мен студенттердің әлеуметтік портретін жасатқызып, сол арқылы олардың материалдық жағдайын айқындаттым. Соның негізінде өз тарапымыздан көмектер ұйымдастырылды. Осы ретте субсидияның бөлінуі біраз студент үшін едәуір көмек болады.

– Аймақтан келе сала Үкімет басшысына білім беру ұйымдарына қатысты депутаттық сауал жолдадыңыз. Ондағы көтерілген мәселе жөнінде тарқатып айта кетсеңіз. Ұмытпасақ, мектеп пәндері бойынша сағаттардың қысқартылуына қатысты мұғалімдер наразылығын жеткіздіңіз ғой деймін...

– Иә, білім беруге қатысты қоғамды алаңдатып отырған бірқатар мәселелерді көтердік. Соңғы уақытта еліміздің білім жүйесінде асығыс шешімдер жиі қабылданатыны жасырын емес. Әсіресе, оқу-ағарту министрлігі жаңашылдық енгізуге құмар. Биыл мысалы өз ортасында және ата-аналармен алдын ала талқылап, пысықтамай кейбір мектеп пәндері бойынша сағаттар қысқартылған. Жаңа оқу жылынан бастап орыс тілі мен әдебиеті және дене шынықтыру пәндері бойынша сыныпта оқушылар бұрынғыдай топтарға бөлінбейтін болды. Мұндай шешімді министрлік қабылдағанымен, бұл педагогикалық қауымдастық арасында үлкен наразылық тудыруда. Аталған жағдай БАҚ-та, әлеуметтік желілерде кеңінен көтеріліп, қоғамда қызу талқыға түсті. Бұл, әрине, мектеп бюджетін үнемдейтін болар, бірақ мұғалімдер жүктемесінің төмендеуіне әкелетіні сөзсіз.

Орта және жоғары сыныптарда оқушыларды дене шынықтыру пәнінен гендерлік белгісі бойынша топтарға бөлмей және аралас оқыту ғылыми ортамен, тәуелсіз сарапшылармен талқыланбай оқу процесіне енгізілген. Бұл жерде гендерлік бөліну мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарау керек, яғни, ұлдар мен қыздардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру аса маңызды. Тіпті, олимпиадалар мен спартакиадаларда, сондай-ақ, спорттық ойындарда аралас командалар жоқ, себебі бұл қауіпсіздік ережелеріне қайшы келеді. Бұған елімізде бұқаралық спорттың дамуына жауапты министрліктің пікірі қандай? Осыған байланысты дене шынықтыру мұғалімдері ел Президентіне жоғарыда аталған шешімді қайта қарауды сұрап ашық хат жазуға да мәжбүр болды. Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы да осы жаңашылдыққа теріс пікірін білдіріп отыр.

Бұл келіспеушілікті түсінуге де болады, себебі енгізілген жаңашылдық өз кезегінде педагогтар табысының төмендеуіне алып келіп отыр. Мәселен, бұрын қалалық дене шынықтыру мұғалімінде аптасына 24-27 сағат жүктеме болса, яғни 1,5-2 жүктеме, өңірлерде бір жүктемеге де толмайтын. Қазір ол тіпті, ірі мектептерде 17 сағатқа дейін, яғни, бір жүктемеге дейін төмендеген. Бұл дене шынықтыру пәнінің мұғалімі аптасына орташа 16 сағат базалық мөлшерлемемен жұмыс істейді, үстеме ақыны есептемегенде, айына 95 мың теңге ғана табады деген сөз. Қалыптасып отырған жағдай мұғалімдерге қосымша жұмыс іздеуге мәжбүрлейді. Сонымен қатар, мұғалімдер биылғы оқу жылынан бастап окладтық жүйеге көшіп отыр. Бұл жерде де сұрақтар бар. Мәселен, жүктемелік еңбекақы төлеуде мұғалім өзінің күнделікті сабақтарын өткізген соң, мектептегі жұмысын аяқтайтын. Бос уақытын өзінің біліктілігін арттыруға және т.б. арнайтын, енді 8 сағатын мектеп қабырғасында өткізуге мәжбүр.

> *Мұғалімдер биылғы оқу жылынан бастап окладтық жүйеге көшіп отыр. Бұл жерде де сұрақтар бар. Мәселен, жүктемелік еңбек ақы төлеуде мұғалім өзінің күнделікті сабақтарын өткізген соң, мектептегі жұмысын аяқтайтын. Бос уақытын өзінің біліктілігін арттыруға және т.б. арнайтын, енді 8 сағатын мектеп қабырғасында өткізуге мәжбүр. Жалпы, мұндай шешімдер білім сапасына кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.*

Жалпы, мұндай шешімдер білім сапасына кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Мемлекет басшысы бұқаралық және балалар спортын дамытуға басымдық беру туралы бірнеше мәрте тапсырма берді. Мұны тек дене шынықтыру сабақтарында жасау мүмкін емес болар, бірақ ескерусіз қалдыру қаншалықты дұрыс? Шындығында, педагогтар перспективалы, талантты балаларды бірінші болып байқайды, олардың қабілеттерін көтермелейді және дамытады. Мектептегі дене шынықтыру пәндеріне жасалған жаңашылдықтардан соң, балалар спортында қандай жетістіктер, нәтижелер болады? Жалпы, оқу-ағарту, мәдениет және спорт министрліктері аталған мәселені бірлесіп ойластырулары тиіс.

Сондай-ақ, жаңа оқу жылында мектеп әкімшілігі қызметкерлері мен мұғалімдер бес күндік форматта жұмыс істей бастайтыны туралы, ал сабақтардың өзі оқу жылын екі аптаға ұлғайта отырып, 31 мамырға дейін ұзартылғаны туралы хабарлады. Оқу-ағарту министрлігі бұл оқушыларға жүктемені азайтуға және 150 мың педагог бос күндерін өз қалауы бойынша пайдалануға мүмкіндік береді дейді. Алайда, бұл мәселеге байланысты мұғалімдердің ойын кім сұрады? Бұл жаңашылдықтың мәнін мұғалімдер де, ата-аналар да түсіне алды ма?

Өңірдегі мұғалімдердің көпшілігі бұл өзгерістерге көңілі толмайтындығын білдірді. Еліміздің білім саласы соңғы 30 жылда тоқтаусыз реформаланып келеді. Нәтижесін таразыға салсақ жеткен жетістіктер де, жіберілген кемшіліктер де аз емес. Бұл жайлы Сенат депутаттары тек VII шақырылымның алғашқы екі сессиясында 8 депутаттық сауал жолдады. Жоғарыда айтқанымыздай жолдауда да білім беру мәселесіне айрықша басымдық берілді. Енді осы бағытта бірлесіп жұмыс істеуіміз керек.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ӨКІЛ БОЛУ ТЕРЕҢ БІЛІМДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Республикамыздағы әрбір құқықтық реформа зайырлы мемлекет қалыптастыруға бағытталған. Ел азаматтары өз құқығы мен бостандығын, сондай-ақ, заңды мүддесін қорғауда білікті заң көмегіне кедергісіз жүгіну мүмкіндігіне ие. Конституциямен кепілдендірілген құқықтарды толыққанды пайдалану, түрлі заңсыздықтың алдын алу, одан қорғану адам баласынан құқықтық білім-білігін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Бұл үшін, әрине, қоғам, ондағы БАҚ-тар, заңгерлер, т.б. тарапынан көмек болуы, яғни, жаңадан қабылданған, өзгертіліп, толықтырылған заңдар халыққа үздіксіз насихатталып, түсіндірілуі тиіс. Осы мақсатта әкімшілік сот ісін жүргізуде өкілдік ету қағидаларына тоқталмақпыз.

Жалпы алғанда, әкімшілік сот ісінде өкілдік ету Азаматтық процестік кодекстің (АПК) нормаларымен жүргізіледі. Мысалы, түрлі себептерге байланысты сот отырысына қатыса алмайтын немесе білікті заң көмегін қажет ететін адамдар өкілдер қызметіне жүгіне алады. Азаматтар іске өзі қатысса да, олардың өкіл алу құқығы шектелмейді. Ал, заңды тұлғалар істері заңмен немесе басқа да құжаттармен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін басшылар, сондай-ақ, өзге өкілдер арқылы жүргізіледі.

Сотта өкілдік ететіндердің жоғары заңгерлік білімі болуы міндет. Бірақ, бұл санатқа судьялар мен тергеушілер, прокурорлар, депутаттар кірмейді, олар сот процесіне тиісті ұйымдардың өкілдері немесе заңды өкілдері ретінде қатысқанымен, өкіл бола алмайды. Өкілдер сенімхат негізінде сот өндірісіне қатысы бар тұлғалар құқықтарының қорғалуына жәрдемдеседі.

Өкілдің процестік өкілеттіктері тиісті түрде ресімделген сенімхатпен расталып, сотқа жазбаша немесе сенім білдірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Бұдан да басқа нормалар АПК-нің 6-тарауымен айқындалған.

Енді Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) нормаларына келсек, 68-бапқа сәйкей, әкімшілік рәсімге қатысушы істі жеке өзі, өкіл арқылы немесе онымен бірге жүргізе алады. Процестік құқықтарды өздігінен жүзеге асыру, мұның ішінде іс жүргізуді өкілге тапсыру, сонымен қатар, процестік міндеттерді орындау он сегізге толған, әрекетке қабілетсіз деп танылмаған жеке және заңды тұлғаларға, әкімшілік органдар мен лауазымды адамдарға тиесілі.

Әкімшілік рәсімге қатысушы ісін басқа адамның жүргізуіне уәкілеттік берген кезде ол туралы әкімшілік орган, сондай-ақ, лауазымды адамға ауызша хабарлайды. Мұндай жағдайда әкімшілік орган, лауазымды адам өкілдің өкілеттігін жазбаша нысанда ресімдейді, оған өкілдік беруші қол қояды. Егер заңда өзгеше көзделмесе, өкіл өкілдік берушінің атынан әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға қатысы бар әрекеттерді жасайды. Айтып өтетін жайт, әкімшілік рәсімді жүзеге асыратын органның лауазымды адамы немесе қызметкері өкіл бола алмайды. Өкіл шеттетілген жағдайда әкімшілік орган немесе оның лауазымды адамы үш жұмыс күні ішінде басқа өкілдің өкілеттігін ресімдеуі тиіс.

ӘРПК-нің 27-бабы 4-бөлігімен жария-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік істерде он төрт пен он сегіз жас аралығындағыларға құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін жеке қорғау мүмкіндігі берілген. Бірақ, бұл заңдылық республика заңдарында көзделуі қажет. Кәмелеттік жасқа толмағандар мен әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандарды сотта заңды өкілдері қорғайды. Алайда, сот кәмелетке толмаған немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамның өзін, сондай-ақ, прокурорды әкімшілік істерге қатыстыруға құқылы.

Он төрт жасқа толмағандар мен әрекетке қабілетсіз деп танылғандарды сотта заңды өкілдерімен бірге прокурор қорғайды. Бұл санаттағылар ісіне заңды өкілдер, атап айтқанда, ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа адамдар сотпен тартылады.

Сотта өкілдік етудің жауапкершілігі ауыр. Осы себепті, сенім білдірушілер де, сол сенімге ие болушылар да ең алдымен заң нормаларын жетік меңгеріп, сол арқылы сенім үдесінен шыға білуі тиіс.

Қазила САҒЫНДЫҚОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

Бүгінгі күні елімізде тараптар арасында туындаған дауды өзара шешуге барлық мүмкіндік жасалған. Азаматтық процестік кодекстің мақсаты — азаматтар мен заңды тұлғалардың Ата Заңымызда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын, аталған тұлғалардың заңды мүдделерін сот органдарында тиімді қорғау, азаматтық даулардың жедел қаралуын және шешудің процессуалдық тиімділігін арттыру, сот қаулыларының жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА – ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Серікқали БЕРДІБЕКОВ,
Қарақия аудандық сотының төрағасы

Кодексте соттарда қаралатын даулардың санын қысқарту, дауларды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу қарастырылған. Яғни, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу тәртіпбіне, сотта тараптарды татуластыру рәсіміне ерекше көңіл аударылған.

Азаматтық процестік кодексіне (АПК) толықтырулар мен өзгерістер 2021 жылдың желтоқсан айында енгізіліп, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап аталған өзгерістер қолданысқа енгізілді. Азаматтық процестегі өзгерістердің бірі – сотқа дейінгі хаттама институты.

АПК талаптарына сәйкес, татуластырушы-судья талап қою келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күн ішінде туындаған құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын тексеріп, көрсетілген мерзімде талап қоюды қайтару не қабылдаудан бас тарту мәселесін шешеді. Татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, ал АПК-нің 73-бабының 1 және 2-бөліктеріне сәйкес, сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдауды ол келіп түскеннен бастап 15 жұмыс күн ішінде жүзеге асыруы қажет.

Сотқа талап қою келіп түскен кезде татуластырушы-судья тараптарға келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсімдеріне қатысу үшін шақыру мен сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жолдайды. Татуластырушы-судья аталған рәсімді жүргізу барысында тараптарға татуласудың артықшылықтары мен тиімділігі туралы айтып, тараптардың әрқайсысына өздері сілтеме жасағысы келетін дәлелдерді өзара ашып, ұсынуға кеңес береді.

Егер тараптар сотқа дейінгі хаттама арқылы татуласып, дауды реттеу туралы келісім жасасқан жағдайда, сот ұйғарымымен дауды реттеу туралы келісім бекітіп, іс жүргізу өндіріспен тоқтатылады. Яғни, Азаматтық процестік кодекске енгізілген өзгерістер татуластырушы-судьяның рөлін арттырды. Талап қою түскеннен бастап татуластырушы-судья тараптарға «Сотқа дейінгі хаттаманы» жіберіп, құқықтық көмек көрсетуде айтарлықтай еңбек етеді. Оның міндеті – тараптарды ортақ келісімге келтіру, дауды бейбіт шешу. Мұндай ізгі ниетті, құқықтық көмекті түсініп татуластыру тетіктерін тиімді пайдаланып жатқандардың қатары өсіп келеді. Біздің сотта да дауды бітіммен бітіруге ынталылар көбейген. Игі бастама алдағы уақытта да жалғасып, елімізде даукестік азаяды, татуласуға шешім қабылдаған тараптар көбейеді деп сенеміз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ ІСТІҢ САПАЛЫ ҚАРАЛУЫНА МҮДДЕЛІ

Тергеу судьясы – бірінші сатыдағы сот судьясы. Қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтарын қорғау – тергеу судьяларының негізгі қызметі.

2015 жылы жаңа Қылмыстық процестік кодекс қолданысқа енгізілді. Заңнаманы жаңадан қабылдаудың мақсаты – әділ сот төрелігін қалыптастырып, үкім, қаулы, басқа да сот шешімдерінің заңды әрі негізді болуын қамтамасыз ету. Заңның жаңа редакциясында тергеу судьясы деген жаңа процесуалдық тұлға енгізілді.

Бұл институт 2015 жылы 1 қаңтардан бастап қызмет ете бастады. Тергеу судьясы қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуіне жол бермеуді қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде күзетпен ұстауды, үйқамақты, лауазымынан уақытша шеттетуді, жақындауға тыйым салуды, экстрадациялық қамақты және осылардың мерзімдерін ұзартуды, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялай алады. Бұған қоса, күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымдарға мәжбүрлеп орналастыру, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселесі де тергеу судьясының құзырына берілген.

Тергеу судьяларына жүгіну арқылы өз құқықтарын қорғайтын адамдардың белсенділігі артып келеді. Тергеу судьясы анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарға баға береді. Бұл шағымдарды тергеу судьясы ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарайды.

Қорғаушылар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолдану тергеу судьясының құзырында. Бұдан басқа да тергеу судьясы қарайтын мәселелер көп. Тергеу судьясы істің сапалы қаралуына мүдделі екенін де айта кеткен жөн. Жалпы, тергеу судьясы қылмыстық іздестіру органдарының лауазымды тұлғалары мен прокуратура тарапынан кететін салғырттыққа тосқауыл қою мақсатында енгізілген болатын.

Абзал БАЛАБЕКОВ,
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА ЖҮКТЕМЕНІ ОҢТАЙЛАНДЫРАДЫ

«Нотариат туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, нотариустар атқару жазбасын жасау құқығына ие. Атқарушылық жазба дегеніміз – өндіріп алушыға тиесілі белгілі бір ақшаның сомасын борышкерден өндіріп алу немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы нотариустың өкімін білдіреді. Сондықтан атқарушылық жазба ол сотта бұйрық шығару арқылы іс жүргізудің баламасы болып табылады.

Өндіріп алушылар атқару жазбасын жасау үшін нотариустарға арыз берсе, сот органдарының жүктемесі азаяды. Атқарушылық жазба негізінде мынадай даусыз талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жүргізілуі мүмкін, яғни:

1) нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемелерді орындау туралы;

2) орындау мерзімі жеткен және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген кінә қоюға жауапта мойындаған жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;

3) төленбеген вексельдің наразылығына, акцептінің болмауына және нотариус жасаған акцептінің күні белгіленбеуіне негізделген міндеттемені орындау туралы;

4) әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы;

5) қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған міндетті шығыстарға қатысудан жалтарған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;

6) іс жүзінде тұтынылған қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін жария шарттардың, сондай-ақ төлеу мерзімі жеткен, белгіленген тарифтерге сай көрсетілген қызметтер үшін өзге де шарттардың негізінде берешекті өндіріп алу туралы;

7) жалдау төлемдерінің жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты оларды өндіріп алу туралы.

Атқарушылық жазбаны жасағаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей табыс ету туралы хабарламамен бірге борышкерге оның көшірмесін жібереді. Жеткізу бойынша шығыстарды өндіріп алушы өз бетінше төлейді. Борышкерге хатты табыс еткен күннен бастап (күн хабарламада көрсетіледі) он жұмыс күні өткен соң және борышкер тарапынан қойылған талаптарға қарсылық туралы жазбаша өтініш болмаған кезде, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша сот орындаушысына орындауға ұсыну үшін береді. Ал, егер көрсетілген мерзімде борышкерден қарсылық түссе, нотариус үш жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады. Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде нотариусқа төленген сома қайтарылуы тиіс. Егер жасалған атқарушылық жазбаның күші нотариустың қаулысымен борышкердің қарсылығы бойынша жойылмаса, атқарушылық жазбаға дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда Шалқар ауданы бойынша нотариустардың атқарушылық жазбаларды жасаудан бас тартқандығы жөнінде сотқа талап арыз беру фактілері орын алған жоқ.

Гүлбану ЕСЖАНОВА,
Шалқар аудандық сотының кеңсе бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢҒЫРУҒА БАСТАЙТЫН ҚАДАМ

IT технологияға негізделген «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы – қоғамның қай саласына да серпінді күш, жаңа тыныс беретін бағыт. Еліміздің жарқын болашағы үшін барлық саланы цифрландыру аса маңызды. Оның ішінде сот жүйесін оңтайландыру көптеген келеңсіздіктерді жойып, әділеттілік пен заңның үстем болуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда сот жүйесінде қолданылатын электрондық технологиялардың көмегі зор. Себебі, қағазбастылықтан арылуға, ашықтыққа, жариялылыққа қол жеткізуге мүмкіндік тудырып отыр.

Сот жүйесін цифрландыру нәтижесінде сот залдары қазіргі заманға сай сапалы үн-бейнежазба жүргізуге арналған техникалармен жабдықталып, барлық іс-қағаздар мен құжат айналымдары электрондық форматқа ауысты. «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, дыбыс-бейнежазба құрылғысы, бейнеконференц байланыс жүйесі, «Электронды қылмыстық іс», «Электронды азаматтық іс» жобасы, «Құқықтық қызмет орталығы», Е-сараптама, Е-Өтініш бағдарламалары жұмыс барысында ауқымды қызмет атқаруға үлес қосуда.

«Сот кабинеті» сотқа жүгінушілер үшін өте қолайлы бірден-бір бағдарлама, қазіргі кезде оның мобильді нұсқасы да іске қосылды. «Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізіліп, бұл жұмысты айтарлықтай жеңілдетті. Аталған бағдарлама арқылы арызданушылар өздерінің өтініш-шағымдарын сотқа жолдап, оның барлық қозғалысын бақылап, қадағалай алады. Электронды қызметтерді қолдану нұсқаулықтары бағдарламада көрсетілген. Сот процестері дыбыс-бейнежазба арқылы өткізіледі. Оның басты ерекшелігі сот ісінің қаралу барысы ешқандай өзгеріссіз сол күйінде сақталады.

Жалпы, мемлекеттік цифрландыру бағдарламасы – бүгінгі рухани жаңғырудың қозғалтқышы десек шындықтан алыстай қоймаймыз.

Б.САРСЕНБАЕВА,
Әйтеке би аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ӘЛЕМДЕ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН СУСЫН – **ШАЙ**

Адамдар шайды сонау есте жоқ ескі замандардан бері ішіп келе жатқанымен, ол XX ғасырдан кейін ғана бүкіл әлемге таралды. Бүгінде шай және одан дайындалатын сусындарды адамзаттың бестен төрті ішеді. Тарихи деректерге қарағанда VII-X ғасырларда Қытайда дақыл қатарына қосылған шай Жапонияға – IX ғасырда, ал Еуропа елдеріне тек XVII ғасырда ғана тарала бастаған. Ал Қытаймен барыс-келісі өте ерте дәуірде басталған өзге елдерге шай олардан әлдеқайда ерте белгілі болған. Оның ішінде Еуразия құрлығындағы көптеген мемлекеттің қалыптасуында маңызды рөл атқарған қазақтың арғы ата-бабасы саналатын сақ, ғұн, үйсін, түркі халқы да бар.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының мәліметіне қарағанда, шай өндірісі 2015 жылдан бері әр бесжылдықта 1 млн тоннаға ұлғайып келе жатыр. Мәселен, 2015–2020 жылдары 5 млн-нан 6 млн тоннаға жетті. 2020–2021 жылдардағы карантин кезінде өндіріс пен тұтыну көлемі сәл баяулағанмен, 2025 жылы өндіріс 7 млн тоннаға дейін жетуі мүмкін деген болжам бар. 23 ақпандағы БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының шай бойынша үкіметаралық тобының 24-сессиясында Бас хатшы әлем бойынша агроазық-түлік жүйесінің қайта құрылу процесінде шай өндірісі маңызды рөл атқаруы мүмкін екенін айтты. Цюй Дунъюйдың сөзіне қарағанда, шай өндірісі ауыл тұрғындары үшін тек жұмыс орны ғана емес, табыс көзі де бола алады. Бүкіләлемдік шай өндірісіндегі фермер мен фермерлік ұсақ шаруашылықтардың үлесі 60 пайызды құрайды. Шай экспортының түсімі көптеген елдер үшін әлемдік нарықтағы импорттық азық-түлік пен өзге де тауарлар мен қызметтерге төлем жасауға қажетті шетелдік валютаның маңызды кіріс көзі. Егер шай өндірісінің әлемдік нарығы 17 млрд АҚШ долларына бағаланса, ондағы тауар айналымы жылына 8 млрд долларды құрайды.

ШАЙ ҚАЛАЙ ҰЛТТЫҚ СУСЫНҒА АЙНАЛДЫ?

Қазіргі таңда әлемдегі 200-ге жуық елдің 50 шақтысында ғана шай өсіріледі. Кейбір мемлекеттер импортталған шайды арнайы қораптар мен орамаларға салып, одан түрлі сусындар жасап, оны өзге елдерге экспорттауда. Шай өнімін тұтынушылар саны әлемде кемінде 3 млрд адам болса, жан басына шаққанда жылына 35,2 литр шай тұтынылады.

Осы арада айта кететін бір жәйт бар. Өндіруші мемлекеттерге қарағанда импорттаушы мемлекеттер шайды ең көп пайдаланады. Мәселен, жан басына шаққанда жылына Оңтүстік Кореяда 160 грамм, Шри-Ланка мен Үндістанда 320 грамм, Индонезияда 450 грамм, Қытайда 560 грамм шай қолданылады. Ал осыдан 8 жыл бұрын әлемдегі ең шайқор халықтың алғашқы ондығына кірген Қазақстанда бұл көрсеткіш 1,5 келіден асса, көш басында тұрған Түркияда бұл 6,8 келіні құрайды. Алайда, статистикада тек шайдың өзі ғана есептеліп, одан жасалатын сусындар ескерілмеген.

Жалпы, дүниежүзінің көп елінде шай ұлттық сусынға айналған. Сондықтан әлемде – қытайдың, жапонның, кубаның, вьетнамдықтардың, орыстың, қазақтың, қырғыздың, ағылшынның, үнділердің шайы деген сияқты сөзді жиі естуге болады. Онда дайындау тәсілі ғана емес, оған пайдаланылатын шайдың түрі мен қоспасында да айырмашылық өте көп. Мәселен, қытайлар алдын ала жылытылған ыдысқа құрғақ шай салып, оның үстіне су құйып, содан соң жылытылған форфор ыдысқа қотарып, шайды фарфор кесемен ыстықтай сораптап ішеді. Қытайлықтар шайдың хош иісін бүлдірмеу үшін оған тәтті тағамдарды қоспайды. Жапондар оның пайдасынан гөрі хош иісін артық бағалағандықтан жылытылған ыдысқа салынған ұнтақталған шайдың үстіне 60 градусқа дейін ысытылған су құйып, қою шай әзірлейді. Бұл температурада шайдың иісі шыққанмен, басқа қасиеттері толық ашылмайды. Ал қазақтар шайға қайнаған сумен бірге қаймақ не сүт қосса, қырғыздар корица, қалампыр, лимон, апелсин қабығы мен қант қосады. Моңғолдар шайды суық су, ұн, сары май, сүт, күріш, тұз қосып әзірлейді.

ҚАЗАҚСТАНДА ШАЙ ӨНДІРІСІ ӨСЕ МЕ?

Қазақстанның оңтүстігінде шай өсіріпті деген аңызға бергісіз әңгіме көп. Сондықтан республика аумағында оны қайта жаңғырту үшін шай бұтасын өсіруге кеңестік дәуірде бірнеше рет әрекет жасалғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Бұған әйгілі химик Дмитрий Менделеевтің өзі «Орталық Азия мен Қазақстанда шай тамаша өседі. Өйткені, мұнда ол үшін қажетті аса маңызды үш нәрсе бар. Олар: ұлан-ғайыр далалар, шайды құмартып ішетін жергілікті халықтың тұтыну мүмкіндіктері мен отырықшы еңбекқор тұрғындарының жеткіліктілігі» деген сөзі де тұрткі болғаны анық.

Сол себепті Алматыда шай бұталарына алғашқы тәжірибелер өткен ғасырдың отызыншы жылдары басталды. Бұл үшін Ботаника бағынан алқаптар бөлініп, шай өсірумен агрономдар П.Растегаев пен П. Владомиров арнайы айналысады. Алайда бұл әрекет 2-3 жылдан соң сәтсіз аяқталып, құжаттарда сәтсіздік «себебі беймәлім» деп жазылып, архивке жөнелтілген. Бірақ шай өсруге әрекет жасаушылардың кейінгі тәжірибелері сәтті болған көрінеді. Сондықтан өткен ғасырдың 70-жылдары жан басына шаққанда республика халқына жылына 2 кг-ға жуық шай керек екені және тұрғындар санының өсуіне байланысты алдағы уақытта 400 мың гектар шай алқабы қажеттігін ғалымдар есептеп шығарады. Қазақстан шайы республикадағы халықтың шайға деген зәрулігін жояды деген бұл жоспардың не үшін орындалмай қалғанын қазір ешкім айта алмайды.

ЖАҚСЫ ШАЙДЫ ҚАЛАЙ ОҢАЙ АЙЫРУҒА БОЛАДЫ?

Шай туралы айтылған кезде әрдайым медицинаның атасы саналатын Ибн Синаның: «шай денені сергітеді, көңілінді көтереді, жүрекке жылу ұялатады, ой салады, еріншектіктен арылтады» деген сөзі еске түседі. Дегенмен оның емдік қасиетіне күмән келтірушілер де кездеседі. Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойып, оның негізінен шай саудасы кезінде бақталастар тарапынан жасалған әрекеттен туындағанын дәлелдеп берді.

Бүгінде шайдың пайдасы мен оның кімге, қандай жағдайда теріс әсері бары туралы ақпарат интернет желісінде жеткілікті. Осыған қарамастан шайдың неліктен бір елде теа, екінші елде шай деп аталатынын білмейтіндер көп. Еуропалықтарға ол оңтүстік қытайлықтардың – теа, ал өзге елдерге солтүстік қытайлықтардың ча-е деген диалектісі арқылы енгенін естігенде көбі таңырқап жатады. Сол сияқты көк шай мен қара шайды екі бөлек өсімдіктен алынады деп ойлайтындар да аз емес. Шындығында оның бәрі бір өсімдіктен алынады, тек олардың дайындалу жолы ғана әрқилы.

Статистикалық деректерге қарағанда Қазақстанда шай саудасы 2016–2020 жылдары 29,3 мың тоннадан 28 мың тоннаға дейін 4,3 пайызға төмендеген. Бұған шай бағасының көтерілуі мен әлемдік нарықтағы тапшылық өз әсерін тигізді. Мәселен, 2020 жылы Қазақстанда Үндістаннан жеткізілетін шай көлемі 10,4-тен 7,7 мың тоннаға дейін азайды. Болжам бойынша, 2021–2025 жылдары шай саудасы жылына 1,6 пайызға өсіп, 2025 жылы ол 30,3 мың тоннаға жетуі мүмкін.

Яғни, шай әлі талай уақытқа дейін тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде ең өтімді тауардың бірі болып қала беретіні анық. Сол себепті шай өнімдері жайлы тұтынушыларға аз-кем мағлұмат бере кеткен артық болмас. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, шайды сатып алар кезде ең алдымен оның қорабындағы жазбаға және ондағы таңбаларға көңіл бөлу қажет. Мәселен, F – жаңа гүлдеген бүршіктерден тұратын ең жақсы деп саналады. Ал P – шай бүршіктері мен алғашқы екі жапырақтан; O – жас жапырақтардан; G – сары бүршіктерден; T – шай бүршіктерінен құралған ең қымбат және эксклюзивті; S – кез келген мүмкін сипаттама үшін ерекше дегенді білдіреді. Ал сапа санатын анықтауда OP – шайдың ең жақсы сорттары; OP1 – бірінші санатты жоғары сапалы ірі жапырақты шай; OPA – A санатты, тұтас шырынды жапырақтардан жасалған; PEKOE – бұралған жапырақтары бар; BOP – кішкентай жапырақты күшті қара түсті шай; FBOP – жоғарғы жапырақтардағы сынған шай бүршіктері бар орташа жапырақты; CTC – орташа беріктігі бар түйіршіктелген шай; GP – өңдеу кезінде күйдірілген жасыл ірі жапырақты; Сенча – жапондық бумен пісіру технологиясымен дайындалған жасыл шай; YH – үлкен жапырақты жасыл шай дегенді білдірсе, PS – төртінші парақшадан төмен жиналған өрескел жапырақтардан тұрады; FP – ОП шайына өте ұқсас, бірақ одан сапасы сәл төмен. BP – BOP әріптері бар шайға ұқсайды, бірақ олардың шай жапырақтары біршама кішірек дегенді білдірсе; D – шаң және төмен сортты болып саналатын шай пакеттеріне қатысты көрсетіледі. Сондықтан әлемде 1 келісі 1 млн долларға бағаланатын Қытайдағы ДаХунПао (Da-HongPao) шайы сапасымен емес, тек Тәньсин монастры маңындағы 6 дана шай бұтасынан дайындалуымен ғана әлемдегі ең қымбат шай тізімінде алдыңғы орында тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘРТҮРЛІ

2. «Сарыағаш» тұрғын үй шаруашылығы» ЖШС (БСН 131140005568) осы хабарландыру арқылы жарғылық капиталы 489 227 350 (төрт жүз сексен тоғыз миллион екі жүз жиырма жеті мың үш жүз елу) теңгеден 232 897 000 (екі жүз отыз екі миллион сегіз жүз тоқсан жеті мың) теңгеге азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Қ.Тасболтаев, 67А.

5. Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі ұйғарымымен «Феб Group»(Феб Групп)» ЖШС-не, БСН 010240006077, қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы азаматтық іс қозғалды. Несиегерлер тізіміне қосу туралы талаптарды уақытша әкімші Л.Л. Абылова осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 1 ай мерзімде мына мекенжайда қабылдайды: Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі, №88. Тел.: 87017205432.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптары:

1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген кәсіпорынның атауы:

«Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мына мекенжайда орналасқан: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 11/5, 2 қабат, 8 (7172) 62-14-30

Кәсіпорынның негізгі қызметі спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорынның мақсаты – штаттық құрама командаларды ұстау, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорттық резервті даярлау, ұлттық құрама командалардың мүшелерін Олимпиада және Азия ойындарында, чемпионаттарға, әлем және Азия кубоктарына және басқа да халықаралық спорт жарыстарына қатысуға дайындау, командалар қысқы, жазғы олимпиадалық, олимпиадалық емес, техникалық, бұқаралық спорт, дене шынықтыру және бұқаралық спорт дамыту.

2. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді, педогогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді, барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды, тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады, ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) № 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күнде 2022 жылғы 20 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 4 қазанға дейін жүргізіледі.

6. Конкурс өтетін күні мен орны:

Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, онлайн форматта.

Әңгімелесу күні конкурсқа қатысушыларға қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы қабылданады: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 314-қаб.

Толық ақпарат алу үшін байланыс телефондары: +7 (7172) 74-02-52, 74-06-20

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң»**, **«Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

zanreklama@mail.ru

ЖОҒАЛТУ

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мемлекеттік тіркеуге алынғандығы туралы 2004 жылдың 15 қыркүйегінде берген «Карағанданеруд» АҚ-ның, БСН 950440000457, жарияланған акцияларының шығарылымы Құнды қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркеуіне А2430 нөмірімен енгізілген Құнды қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігі (№0002326 С бланктер сериясы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ҚЫЗЫЛ ЕЛЕС

I

Бүгін ол күндегісінен сергек оянды. Ұзақ жол бойы арқасына асқан ауыр жүкті иығынан түсіргендей немесе өнебойы қаудырлап бос қалғандай өзін сондай жеңіл сезінді. Қабырғаға салынған шым-шытырық суреттер мен шимай-шатпақ жазуларды да алғаш көруі-тұғын. Сол сәтте жанындағы төсекте жатқан бейтаныс адам ары қарап жатқан күйі күрк-күрк жөтелді, денесінің селкілінен оянып кетсе керек, тыныс алуы өзгерді.

– Қалай демалдыңыз? – деді ол бұған бұрылмаған күйі.

– Өте жақсы демалдым. Және бұл өмірімде алғаш рет.

II

1992 жыл. Қызылорда.

Бибісара сол күні «бешірге» барам деп қатты қуаныпты. Жасы отыздан асқан қыз үлкен ағасының үйіндегі етжеңді Сәлима жеңгесінің көлкілдеген кең көйлегін киген, басқа іле қояры да жоқ, өзге жеңгелерінікі бата қоймайды. Ал көйлектің үстіндегі бедері әйнектің бетіне тамған жаңбыр тамшысы тәрізді өзінің де көзінен сондай соңғы тамшы ағатынын сезді ме екен, тәйірі...

III

Үлкен әскери жасыл шатырдың ішінде той. Жағалай тізілген үстелдер. Жұрт әрегідік шатырдың алдына шығып, ию-қию билеп келіп, қайта орындарына отырғанда Бибісараның дәл қасына тағы бір бейтаныс жігіт келіп жайғасқан. Айнала ырду-дырду. Зыр-зыр еткен асабаның жеңіл әрі жаттанды әзілдері, шиқылдап кейде өшіп қалатын микрофон үніне де қынжылған ешкім жоқ. Бибісараның жанынан орын алған әлгі бейтаныс жігітке «әй, бұл кім? Қайдан жүр екен?» деген ешкім табылмады. Елеусіз отыра берді. Бибісара ғана «тойға кештеу келген құда балалардың бірі шығар» деп ойлаған да қойған. Бейтаныс жігіт бір-екі рюмканы қағып салғаннан кейін барып, қызға батыл тіл қатты:

– Құдаша, таныса отырайық! – деп әңгімесін бастаған жігітті Бибісара құдалар жақтың адамы деген жорамалын шындыққа балаған.

– Есімім Қали болады. Қалада техникумда оқимын.

– Сара.

– Есіміңіз ерекше екен.

– Ілтипатыңызға рақмет.

Бибісара кеш бойы шет жақта елеусіздеу отырған. Сымбатты жігіттің назары түсіп, бүйірі жабыса сөйлесіп отыр деп бұған зер салып қараған ешкім болмаған. Оған қиналған Бибісара да жоқ. Іштей осыларға қас қылғанда тап осы жігіттің етегінен ұстармын да кетермін деген. Тағдыр шығар... Жігітің қайсы десе, мынау дейтіндей, өзі қалада оқитын жігіт, жауырыны қақпақтай азаматтың жылы шырай танытып, іші-бауырына кіріп бара жатқанына Бибісараның көңілі алабұртып, жүрегі аузына тығылардай, аяқ-қолы дірілдеп, бетінің ұшы қызарып, жүзі алаулап алған.

Осы кезде асаба жастарды махаббат вальсіне шақырды. Жұрт жаппай жұптасып, дөңгелей биледі. Кейбір жастар вальсті сылтау етіп, көзі түскен қыз-келіншекті құшақтай қалған, кештеу болса да өзін Қали деп таныстырған жігіт алғаш рет Бибісараны биге шақырды. Бұлар Шәмші әніне баяу ғана ырғатыла билеп шеттеу тұрған. Қали қыздың құлағына аузын тақап, ыстық демімен өртеп, бердеңелер айтқан болады. Қыз жауап қайтарған кезде ол оған аузын құлағын тақайды.

Музыка тез бітіп, екеуі өздерін әлдебір қызыққа қанбай қалғандай сезінген. Елеусіздеу орынға қайта келіп жайғасқан соң Бибісараны бұрын-соңды бастан кешірмеген сезім билеп алғандай күйге түсті. Осы кезде шатырдың сыртында шу көтерілді. Әлдебіреулер араққа сылқия тойып алып, төбелеске басса керек, жұрт жапырыла солай қарай жүгірді. Осы кезде Қали да Бибісараға «енді отыра бергеннің мәнісі болмас» деген ыңғай танытқан. Екеуі той болып жатқан маңнан қатты алыстамай, далада сөйлесіп тұрды.

– Дала қараңғы. Бұдан ары жүре алмаймын. Қанша дегенмен бейтаныс адамсыз.

– Біз танысқан жоқпыз ба?

– Сонда да жақын танымаймын ғой.

– Мен сені алып қашсам деп шештім!

– Тым қызба екенсіз, таныспай жатып...

Жігіт шап беріп қызды қапсыра құшақтай алған, бұл Бибісараның өмірінде алғаш сүйісуі еді... Біраздан соң естанды күйден айығып:

– Мен отырып қалған кәрі қызбын.

– Мейлі, бола берсін...

Бұдан кейінгісін Бибісара қалай қабылдады, ол жағы беймәлім. Әйтеуір екеуі тұрған жердің қасында үюлі шөп болған...

IV

Той бітіп, адамдар үйді-үйіне тарқасып жатқанда «апыр-ау, осы Бибісара қайда?» дейтін жан табылмады. Тағдыр шығар... Кіреберістегі бөлмеден үйге қарай жамырай шешілген шәркей, гәлөш, аяқ-киімдердің арасынан Бибісараның жапырайған туфлиі көрінбеді. Әлгі түнгі елес секілді бейтаныс жігіт шынымен алып кетті ме екен?

Қорадағы екі сиырды сауып келгенде де кіші жеңгесі «Бибісара қайда екен?» демеді. Түсте ғана кіші жеңгесі оның бөлмесіне кіргенде бір-ақ жоқтапты.

Содан бері Бибісараның жоғалғанына екі күн өтті. Ауыл іші, ауыл маңы, көрші ауыл, ауданнан адақтамаған жер қалмады. Жұрт назары Бибісараға бұл жолы шындап түсті. Әне-міне табылып қалар деген. Басында үй іші «Егер алып қашса, енді аяққа жығылып келер, алдымыздан өтер, сол кезде қыз ұрлап кетуді көрсетеміз, көзіне көк шыбын үймелетерміз» деген еді. Енді ол райынан қайтты, «қалқайып тірі жүрсе жарар, бақытын тілеп қала берерміз» деген. Бірақ құдамыз деп қуантып келген де ешкім болмады.

Үшінші күні Сәлима жеңгесі ауыл шетінде жалғыз өзі тұратын Жармағамбет құмалақшыға барып бал аштырыпты. Ол өз-өзімен біраз күбірлеп, түсін суытып, «қыз денесі мұздай» депті.

– Ойпыр-ай, еркем жауаған екен ғой, әлде бір суық жаққа алып кетті ме екен, – дейді үміттеніп.

– Ешқандай суық жер емес, үйіннен алпыс қадам жерде, бір үйілген шөптің астында жатыр. Кеш қалыпсыңдар...

Сәлима жеңгесі ойбайға басты.

– Жарымаған қубас, жағыңа жылан жұмыртқалағыр! Әдірам қалғыр, қу Жармағамбет!

Айтып ауыз жиғанша суық хабар ауылға тез тарады, облыстан арнайы итпен келген бір топ полицей әп-сәтте той болған үйдің қасындағы бір мая шөптің астынан бейбақ Бибісараның мәйітін тауып алды. Суық жерді паналайтын әдеті ме, Бибісараның бауырында иіріліп жылан жатыпты. Құшағында ең соңғы рет жылан ғана болды ма екен...

Заң тылсымға бағынбайды, заңдылыққа сүйенеді. Сол күнгі тойда тұтанған төбелестің бел ортасында болған да Жармағамбет екен, оған мас біреулер соқтығыпты. Жармағамбеттің өзі құмалақ аштыра барған адамға Бибісараның шөптің астында мұздай боп жатқанын, қанша метр жерде екеніне дейін айтуы күмән тудырмай қалмасы анық еді. Оның үстіне, әубаста, Бибісараның қасында осы құмалақшы отырыпты. Ал бөтен жігітті көргендер «көрдім деген көп сөз» деп үнсіз қала береді. Осылайша Жармағамбет жиырма жылға жазасын өтеуге түрмеге тоғытылып кете барды...

V

2009 жыл. Қызылжар.

Түнгі елес секілді Бибісараның ең соңғы үміт шырағы болған Қали қазір қиян шетте, суық жақта. Қызылжарда егістік алқабында трактормен дақыл сеуіп жүр. Түс әлеті болатын. Ол тракторының көлеңкесіне отырып, торсыққа құйып алған суынан жұтып, кенезесін жібітіп отырған. Кенет егістіктің маңына бір көкала нива келіп тоқтады да ішінен екі полицей түсті. Жүрістері суыт, бұған қарай ызғытып келеді. Тіпті, бет алысы салқын. Бұл жақсылықтың нышаны емес деп ойлаған Қали орнынан атып тұрды. Өздері дәл осыған қарай беттеп келеді. Қалидың көз алдынан барлық өткен-кеткен оқиға зуылдап өте шыққан... Айнала мидай жазық, қозы қарын екі полицейге ілестірмей кетермін деп ойлады да, жалма-жан бет ауған жаққа тұра қашты.

Алғашында екі полицей аңтарылып бір-біріне қарайды. Мүмкін, іздеп шыққан жұмысы басқа шығар, әйткенмен полицейді көріп тұра қашқан ересек адамның бұл әрекеті күдік тудыратыны анық. Бір полицей ниваға қарай жүгірді де, бірі Қалидің артынан қуалай жөнелді. Қали қашып келеді, полицей табандап қуып келеді. Көз қиығын салып еді, жеткізбей кететіндей, енді сәл шыдаса, алыстағы қайыңды орманның арасына сіңіп кетсе, ары қарай тағы көре жатармын деген. Содан жол тауып, елге Қызылордаға жетіп алсам деп ойлады. Сөйткенше болған жоқ, алдынан сайтандай сап етіп көкала нива шыға келді. Сонымен Қали қапияда қолға түсті.

Сол күні Қызылжар түрмесінен бір адам қашып кетіпті де, екі полицей егістікте жүргендерден өткен-кеткен жалғыз-жарым бейсауат адам көріне ме деп, жан-жақтан сұрастырып жүрген екен, ал қолға түскен Қалидан жырынды тергеушілер сауалды басқаша қойыпты:

– Азамат Айтқали Аллағұлов, біз сіз жайлы барлығын білеміз! Енді бәрін өз аузыңызбен айтып беріңіз, – деген.

Қаншама жыл жанын азапқа салған және оны жан баласына тіс жармаған оқиғаны Қали қапысыз әрі қуана-қуана баяндап береді...

VI

Аралдан қалаға қайтып бара жатқан бетім, жолшыбай сол ауылға түсіп қалдым. Оның да бір себебі бар-тұғын. Сол ауылдың шетінде тұратын адам есірткі сататын. Мен оны қалаға алып жеткізіп жүретін едім. Келісілген жерге келдім. Түн болатын. Белгіленген орында үлкен терек бар еді, оның тек біз ғана білетін қуысындағы қалтаға салынған шөпті алдым. Өзім де бір орамасын шегіп алғаным есімде. Көңілім сергіп, айнала біртүрлі жұмбақ күйге бөленіп сала берді. Әсіресе, қарным қатты ашты. Сөйтіп келе жатыр едім, бір шатыр өртеніп жатқандай көрінді. Өртті өшіре қояйын деп жақындасам, өрт емес, далада шатырда той болып жатыр екен. Іздегенге сұраған, қарнымның ашқаны есіме түсті. Тыңқиып тойып алдым, өмір тіпті ғажап, айналам өте көңілді, күллі жұрттың назары менде сияқты. Байқасам, қасымда бір сұлу қыз отыр екен. Екі көзі менде, мен солай ойлаған шығармын. Таныстық. Бірақ ол әйел маған қорқынышты көрінді, мен ол әйелден қорқып отырдым. Кенет ол менің көзіме шанышқы тығып алатын секілді болды. Біраздан кейін ол мені оңаша ертіп шықты, қол-аяғым діріл-деп, тіпті, жылағым келді. Есімді бір жинасам, онымен өте жайлы әңгімелесіп отыр екенмін, бірақ ол бір сұрақ қойса, мен оған ұзақ ойланып жауап беріп отырғандай болдым. Содан соң ол мені бас салып ұстай алды, әлде біз құшақтастық... Бір анығы, менің бойымда еркектік қуатым қатты тасып, бойымды бір дүлей күш-ағын билеп, тулатып ала жөнелгені сонша, ол қызбен шөптің үстіне ұмар-жұмар құладық. Қыз қатты алқынды. Мүмкін, жүрегі ауыратын шығар, мүмкін, ондай оқиғаны күтпеген шығар. Кенет ол баж ете қалды да, астынан бір сұпсуық затты маған қарай лақтыра салды. Оның суық екенін қолыма тигенде ғана сездім. Өзі дір-дір етеді, қарасам жылан екен. Ол сылқ етіп шөпке құлады. Менің зәрем қалмады. Қызды жыланнан қорғағым келді ме, білмеймін, оның үстіне қарай шөпті жалма-жан құлатып көме бастадым, сосын артыма қарамай қаштым. Жүгіріп келем, жүгіріп келем, артымнан біреу қуып келе жатқандай тоқтамай жүгіріп келем. Көп жүгірістен кейін ғана есімді жиып, өз-өзіме келдім. Енді қайтып ауылға бара алмайтынымын анық еді. Бір аптадан кейін газеттен бір қыздың мәйіті шөптің астынан табылғанын оқып, өзімнің не істеп қойғанымды ұқтым. Жан дүнием алай-дүлей, ішімде бірдеңе үзіліп кеткендай болды. Тек ұйықтай беремін... Ақыры алыс жаққа кетейін деп шештім, сол кеткеннен мол кеттім. Қырғызстанда тұрдым, Өзбекстанға өттім, одан Ресейге, қайда барсам қызыл көйлекті қыз қасымнан қалмады. 17 жыл елестен қаштым. Ол түні бойы жанымнан шықпайды. Сосын қайта елге оралып, солтүстікте өмірімді далада егістік алқабында өткізіп жатқам...

VII

Бүгін ол күндегісінен сергек оянды. Ұзақ жол бойы арқасына асқан ауыр жүкті иығынан түсіріп, өне бойы қаудырлап бос қалғандай өзін сондай жеңіл сезінді. Қабырғаға салынған шым-шытырық суреттер мен шимай-шатпақ жазуларды да алғаш көруі-тұғын. Жанындағы төсекте жатқан бейтаныс адам ары қарап жатқан күйі күрк-күрк жөтелді, денесінің селкілінен оянып кетсе керек, тыныс алуы өзгерді.

– Қалай демалдыңыз? – деді ол бұған бұрылмаған күйі.

– Өте жақсы. Әрі өмірімде бірінші рет. ...Ол бүгін келмеді...

Қали қасында жатқан бейтаныс адамның Жармағамбет екенін білген жоқ...

Бақытбек ҚАДЫР,
Қосшы қаласы,
Ласная поляна

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №137 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31